



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

2026 жылғы 1-3 сәуір аралығында өткізілген сараптама нәтижелері негізінде «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да мамандандырылған бастапқы аккредитация аясында «6B03206-Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасының бастапқы мамандандырылған аккредитация стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

Сыртқы сараптау комиссиясы

*АРТА Аккредиттеу
Кеңесіне арналған*



**2026 жылғы 1-3 сәуір аралығында өткізілген сараптама нәтижелері негізінде
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да
мамандандырылған бастапқы аккредитация аясында
«БВ03206-Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасының бастапқы
мамандандырылған аккредитация стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау
бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы**

ЕСЕП

Астана қаласы, 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

МАЗМҰНЫ.....	Ошибка! Закладка не определена.
(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	Ошибка! Закладка не определена.
(II) КІРІСПЕ	Ошибка! Закладка не определена.
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ	Ошибка! Закладка не определена.
(IV) АККРЕДИТАЦИЯНЫҢ АЛДЫҢҒЫ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	6
(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	7
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТАЦИЯ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ..	8
6.1 Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»	9
6.2 Стандарт «Ақпаратты басқару және есептілік»... Ошибка! Закладка не определена.	
6.3 Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»	Ошибка! Закладка не определена.
6.4 Стандарт «Білім беру бағдарламасын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау»	17
6.5 Стандарт «Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»	Ошибка! Закладка не определена.
6.6 Стандарт «Білім алушылар»	Ошибка! Закладка не определена.
6.7 Стандарт «Профессор-оқытушылар құрамы».....	Ошибка! Закладка не определена.
6.8 Стандарт «Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері».....	29
6.9 Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру».....	32
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ТҰСТАР МЕН ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ	Ошибка! Закладка не определена.
(VIII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСARTУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	35
(IX) АККРЕДИТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҰСЫНЫСТАР	35
Қосымша 1. Бағалау кестесі «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ» (EX-ANTE)	36
Қосымша 2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ	45
Қосымша 3. ОҚЫТУШЫЛАРДАН АЛЫНҒАН САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ.....	Ошибка! Закладка не определена.
Қосымша 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДАН АЛЫНҒАН САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ	Ошибка! Закладка не определена.

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ААЖ «Platonus» – PLATONUS автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

ӘАҚ – әкімшілік-басқару аппараты

БП – базалық пән

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЕҰУ – Лев Николаевич Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Пәндер каталогы (ПК) – пәндер каталогы

МТБ – материалдық-техникалық база

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы

МҒЗЖ – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы

БББ – білім беру бағдарламасы (бағдарламалары)

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы

МТБ – материалдық-техникалық база

ҚР – Қазақстан Республикасы

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ПӘОК – пәннің оқу-әдістемелік кешені

ӘАҚ – оқу-әдістемелік кеңес

GPA (Grade Point Average) – білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейінің орташа салмақталған бағасы

(II) КІРІСПЕ

Аккредитация және рейтингтің тәуелсіз агенттігі бас директорының 2026 жылғы 4 ақпан №37-26-ОД бұйрығына сәйкес, 2026 жылғы 1-3 сәуір аралығында сыртқы сараптау комиссиясы «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасының бастапқы мамандандырылған аккредитация аясында «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-та (Астана қ.) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының (НААР, 2020 жылғы 16 маусымдағы №57-20-ОД, алтыншы басылым) талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебі ұсынылған білім беру бағдарламаларын АРТА стандарттарының критерийлеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалауды, білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсынымдарын, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бейіндік параметрлерін қамтиды.

ВЭК құрамы:

АРТА төрағасы – Māris Kļaviņš, Dr.Habil.chem., Professor, University of Latvia (Riga, Latvia);

АРТА үйлестірушісі – Назырова Гульфия Ривкатовна, экономика ғылымдарының кандидаты, ЖОО-ларды институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі жоба жетекшісі;

АРТА сарапшысы – Еділхан Дидар, Ph.D., доцент, Астана ІТ университеті;

АРТА сарапшысы – Туребаева Клара Жаманбайқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан республикасы педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті;

АРТА сарапшысы – Әбдірашева Бану Жолдыбекқызы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы – Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

АРТА сарапшысы – Бейсенқұлов Аязби Ахбергенұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті;

АРТА сарапшысы – Жаркевич Ольга Михайловна, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті;

АРТА сарапшысы – Никольский Сергей Николаевич, химия ғылымдарының докторы, профессор, Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы – Газизова Айгүл Идрисқызы, биология ғылымдарының докторы, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы – Ердібаева Назгүл Қадырбекқызы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті;

АРТА сарапшысы – Мовкебаева Ғалия Ахметвәлиқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

АРТА сарапшысы – Кириллова Галия Ришатовна, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті;

АРТА сарапшысы – Божеева Айбарша Мұратбекқызы, Ph.D., профессор, AlmaU университеті;

АРТА сарапшысы – Каримова Гульмира Сарсемханқызы, Ph.D., қауымд. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

АРТА сарапшысы – Исмаилова Айсұлу Әбжаппарқызы, Ph.D, доцент, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы, жұмыс беруші – Әлімбаев Саид Төлегенұлы, «Халықаралық ақпараттандыру академиясы» қоғамдық бірлестігі;

АРТА сарапшысы, жұмыс беруші – Куликова Елена Александровна, Атамекен Сауда-өнеркәсіп палатасының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік кәсіпкерлік» жөніндегі кіші комитетінің төрайымы, Технология және инновациялар орталығының бас директоры, «Гармония» жеке қорының және TABYS әлеуметтік кәсіпкерлер мен үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығының президенті;

АРТА сарапшысы, магистрант – Байжанов Искандер Ерболұлы, 2 - курс магистрант, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы, докторант – Нұрғұлан Әскерхан, 2- курс докторант, Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті;

АРТА сарапшысы, докторант – Ильясов Әлішер, 3-курс докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

АРТА сарапшысы, докторант – Умарова Карина, 1-курс докторант С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

Тарихы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен құрылды. 2000 жылы Еуразия мемлекеттік университеті болып қайта құрылып, 2001 жылғы 5 шілдеде ұлттық университет мәртебесіне ие болды және 2001 жылғы 29 маусымда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті болып қайта аталды. 2019 жылы университет мемлекеттік қатысуы бар коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналды, ал 2022 жылы зерттеу университеті мәртебесін алды.

Миссиясы. ЕҰУ миссиясы – бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, ғылым мен инновацияларды дамыту, білім, ғылым және өндірісті ықпалдастыру арқылы қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуына ықпал ете отырып, Қазақстанның зияткерлік капиталын қалыптастыру. Негізгі құралдары: озық білім беру технологияларын енгізу, ғылыми зерттеулерді қолдау, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағдарлану.

Университетте білім беру үш деңгейлі жүйе бойынша (бакалавриат, магистратура, докторантура) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Білім беру қызметімен айналысу лицензиясы – 2020 жылғы 06.08. № KZ53LAA00018550.

Аккредитация. 2023 жылы университет Аккредитация және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде (IAAR) халықаралық институционалдық аккредитациядан өтті, аккредитация мерзімі – 5 жыл.

«6B03206-Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бастапқы мамандандырылған аккредитация аясында қарастырылуда.

Университеттің штаттық профессор-оқытушылар құрамы 1373 адамды құрайды, оның ішінде 150 ғылым докторы, 483 ғылым кандидаты, 373 PhD докторы бар.

2025 жылғы 10 ақпандағы жағдай бойынша ЕҰУ білім алушыларының жалпы саны 26 048 адамды құрайды, оның ішінде 22 042 студент, 2 989 магистрант, 1 017 докторант.

ЕҰУ-де 24 елден (Әзербайжан, Ауғанстан, Армения, Германия, Грузия, Иран, Йемен, Қырғызстан, Қытай, Корея, Моңғолия, Нигерия, БАӘ, Пәкістан, Ресей, Румыния, Словения,

АҚШ, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Украина, Эфиопия) келген 1744 шетелдік студент білім алады.

Рейтингтер. 2023 жылы ЕҰУ QS Stars рейтингіне қатысып, 4 жұлдыздық баға алды. 2024 жылғы қарашада QS Asia аймақтық рейтингі нәтижесінде ЕҰУ Азияның үздік университеттері тізімінде топ-100 қатарына еніп, 65-орынды иеленді. 2024 жылы QS World University Rankings нұсқасы бойынша әлемнің үздік 350 жоғары оқу орнының қатарына кіріп, 321-орынды иеленді және QS халықаралық агенттігінің марапатына ие болды. QS World University Rankings by Subjects–2024 нәтижелері бойынша университеттің көрсеткіші 20 пәнге дейін кеңейді (оның ішінде 17 пәндік және 3 салалық рейтинг).

2025 жылы «Атамекен» ҰКП рейтингі нәтижесінде университеттің 58 білім беру бағдарламасының 43-і 1–3 орындарды иеленді.

IAAR тәуелсіз рейтингінде (2019–2024 жж.) ЕҰУ тұрақты түрде көшбасшылар үштігіне еніп, 1 және 2 орындарды иеленді. 2024 жылы НААР рейтингіне қатысқан 199 білім беру бағдарламасының ішінде 105-і бірінші орынды алды.

2024 жылы ҚР ЖОО оқытушыларының бас рейтингінде ЕҰУ-дің 16 оқытушысы Топ-50 қатарына енді. Аталған рейтингте университет ғалымдары: физик-ғалым Р. Мырзакулов – 1 орын, А. Козловский – 2 орын, М. Здоровец – 3 орын алған.

Ғылым. Университетте 6 басым ғылыми кластер жүзеге асырылады:

1. физикалық ғылымдар және ядролық технологиялар;
2. математика және ақпараттық технологиялар;
3. биология, биомедицина және биотехнология;
4. инжиниринг;
5. химия және Жер туралы ғылымдар;
6. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар.

Халықаралық ынтымақтастық. ЕҰУ 50 елдің 320 жоғары оқу орнымен (Франция, Ресей, Қытай, Түркия және т.б.) ынтымақтастық орнатқан. Erasmus+ және «Болашақ» бағдарламалары жүзеге асырылуда, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары (2024 жылы – 120 студент және 45 оқытушы). Университет халықаралық қауымдастықтардың мүшесі (EUA, IAU).

Жобалық-зерттеу қызметі. 2024 жылы жалпы сомасы 1,2 млрд теңгені құрайтын 45 ғылыми жоба жүзеге асырылуда, оның ішінде ҚР ҒЖБМ гранттары (мысалы, AP19676702 «Мұнай химиясындағы жасыл технологиялар»). Профессор-оқытушылар құрамы Scopus/WoS базаларында 320 мақала жариялады. Студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады (150 жоба).

АККРЕДИТТЕЛЕТІН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

6B03206 «Спорт журналистикасы»

БББ мақсаты: Тәжірибелік дағдылары бар және алған білімдерін спорт саласындағы коммуникация мен ақпарат аясында қолдануға қабілетті білікті бакалаврлар даярлау.

Білім беру саласы: 6B03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат.

Дайындық бағыты: 6B032 – Журналистика және ақпарат.

БББ тобы: B042 – Журналистика және репортерлік іс.

БББ тізілімінде: 19.05.2020.

БББ жаңартылған күні: 23.07.2025 ж.

Оқу мерзімі: 4 жыл.

Біліктілігі: әлеуметтік ғылымдар бакалавры.

Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Білім алушылар контингенті: 58 (1 курс – 15, 2 курс – 23; 3 курс -12; 4 курс - 8 ҚР ҒЖБМ гранттары – 50).

ҰБК, СБК деңгейі: 6.

Аймақтық стандарт: қарастырылмаған.

Жаңа мамандықтар атласы:

Кәсіби стандарт: Телевизиялық бағдарламаларды жасау және трансляциялау жөніндегі қызмет(26.12.2024);

Кәсіби стандарт: Ақпарат агенттіктерінің қызметі (26.12.2024);

Кәсіби стандарт:Газет шығару. Журналдар мен мерзімді басылымдарды шығару (21.12.2022);

[https://career.enbek.kz/kk/professionalstandart?o\[J\]=J](https://career.enbek.kz/kk/professionalstandart?o[J]=J)

Лицензия: 17.04.2020 ж. №KZ53LAA00018550

(IV) АККРЕДИТАЦИЯНЫҢ АЛДЫҢҒЫ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

6B03206 «Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы НААР-да бастапқы аккредитация рәсімінен өтуде.

(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы 2026 жылғы 05-07 мамыр аралығында «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредитациялау бойынша сараптау комиссиясының сапар бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 2026 жылғы 30 наурызда ұйымдастыру жиналысы өткізіліп, оның барысында комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапар кестесі нақтыланды, сараптау әдістерін таңдау мәселелері бойынша келісімге қол жеткізілді.

Білім беру бағдарламасының сапасы мен университеттің жалпы инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, сондай-ақ өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнын нақтылау мақсатында Басқарма төрағасы – Ректормен, Басқарма мүшелері – қызмет бағыттары бойынша проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Барлығы кездесулерге 532 өкіл қатысты (1-кесте).

1-кесте – АРТА ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер:

Қатысушылар санаты	Саны
Басқарма төрағасы - Ректор	-
Басқарма мүшесі - Проректорлар	7
Құрылымдық бөлімше басшылары	25
Декандар, кафедра меңгерушілері	19
Оқытушылар	160
Білім алушылар	180
Түлектер	78
Жұмыс берушілер, практика базаларының жетекшілері	63

ССК мүшелері экскурсия барысында университеттің материалдық-техникалық базасының жағдайымен танысты. Атап айтқанда, университеттің бас әкімшілік-оқу ғимаратындағы телестудия (341-ауд), «Qazaq radiosy» (345-ауд), «Медиа дизайн» зертханасы (№4 оқу ғимараты, 302-ауд), компьютерлік станция, «Хабар Агенттігі» АҚ» аудиториясы (310-ауд), «Qazaqstan» РТРК аудиториясы (311-ауд), «Сейдахмет Бердіқұлов атындағы аудиториясы»(312-ауд), «Шерхан Мұртаза аудиториясы» (323-ауд), «Айқын» газетінің аудиториясы (206-ауд), «Сұлтан Оразалин атындағы дәрісхана» (112-ауд), телестудия (115-ауд) оқу зертханалары және компьютерлік сыныптар қаралды. Сондай-ақ сыртқы сарапшылар комиссиясы «ҚазМедиа» орталығы, «Qazaqsatn», «QazSport» телеарналарының студияларын, монтаж және трансляция бөлімдерін, «QazSport» телеарнасының тілшілер редакциясын аралады.

АРТА ССК-ның университеттің мақсатты топтарымен кездесуі барысында ЖОО саясатын іске асыру тетіктері нақтыланып, өзін-өзі бағалау есебінде ұсынылған жекелеген деректер нақтылады.

Аккредитация кезеңінде «Жазу және редакциялау технологиясы», «Медиаменеджмент және медиамаркетинг», «Спорттық психология» пәндері бойынша сабаққа қатысты.

ССК сарапшылары білім алушылардың практика базаларының жағдайын талдап, сондай-ақ ұйым басшыларына сұрақтар қойды: «Qazsport» телеарнасының директоры Н. Бақытбеков, Қазақстан Республикасының Ұлттық Паралимпиада Комитеті - Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының «Әлеуметпен байланыс» бөлімінің басшысы Қ. Әшімханова, «Барыс» хоккей клубының маркетинг департаментінің директоры, «Bassport» сайтының бас редакторы Ж. Әзбергенов, Қазақстанның Дзюдо федерациясының PR менеджері Ә. Тоқсанбек, Ұлттық футбол құрамының спорт тілшісі М.Биманов.

Аккредитация рәсіміне сәйкес 104 оқытушы мен 132 білім алушы арасында онлайн сауалнама жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау есебінде ұсынылған ақпаратты растау мақсатында сыртқы сарапшылар университеттің жұмыс құжаттарын сұратып, талдады. Сонымен қатар сарапшылар университеттің интернеттегі позициясын ресми сайт (<https://enu.kz/>) арқылы зерделеді.

Жоспарланған бағдарлама аясында сараптама қорытындылары бойынша ССК әзірлеген аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар 2026 жылғы 3 сәуірде басшылықпен өткен кездесуде ұсынылды.

Сауалнама нәтижелері

Онлайн сауалнама жүргізілді:

ПОҚ: 104 оқытушы.

Білім алушылар: 132 студент.

Құжаттарды талдау

Сарапшылар төмендегі құжаттарды зерделеді:

- БББ бойынша өзін-өзі бағалау есебі;
- регламенттер, силлабустар, ПӘОК;
- кафедра және ғылыми кеңес отырыстарының хаттамалары;
- серіктестермен жасалған шарттар және практика бойынша есептер;
- enu.kz және <https://fjps.enu.kz/kz/page/departments/departments-of-tv-radio-and-public-relations> сайттарының контенті.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТАЦИЯ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

Стандарт 6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару»

✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы ғылыми зерттеулер, оқыту және білім алу арасындағы өзара байланысты көрсететін сапаны қамтамасыз ету саясатының жарияланған нұсқасына ие болуы тиіс

✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын, оның ішінде білім беру бағдарламалары (БББ) бөлінісінде көрсетуі тиіс

✓ Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен серіктестер (аутсорсинг) жүзеге асыратын барлық қызмет түрлеріне, соның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру кезінде де қатысты болуы тиіс

✓ БББ басшылығы БББ-ның даму жоспарын әзірлеуде ашықтықты көрсетуі тиіс, онда іске асыру мерзімдері, оның қызметін талдау, білім беру ұйымының нақты позициялануы және оның қызметінің мемлекет, жұмыс берушілер, білім алушылар және басқа да мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы ескерілуі тиіс

✓ БББ басшылығы БББ даму жоспарын қалыптастыру және оны тұрақты қайта қарау тетіктерінің, сондай-ақ оны іске асыру мониторингінің, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалаудың және БББ-ны тұрақты жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдаудың бар екенін көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы БББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі тараптар өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушыларды және ПОҚ-ты тартуы тиіс

✓ БББ басшылығы БББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық басымдықтармен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін көрсетуі тиіс

✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы БББ аясындағы бизнес-процестер үшін жауапты тұлғалардың нақты айқындалуын, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты бөлінуін, алқалы органдар функцияларының жіктелуін көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығына дәлелдер ұсынуы тиіс

✓ БББ басшылығы БББ-ны жобалау, басқару және мониторингтеуді, оларды жетілдіруді және фактілер негізінде шешім қабылдауды қамтитын ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы, оның ішінде бастапқы аккредитациядан өтіп жатқан БББ аясында тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы және тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар жүйесін көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқаруға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жұмыс берушілердің, ПОҚ-тың, білім алушылардың және басқа да мүдделі тараптардың алқалы басқару органдары құрамына қатысуын және олардың өкілділігін қамтамасыз етуі тиіс

✓ Білім беру ұйымы БББ аясында инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс

- ✓ БББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашықтық пен қолжетімділікке дайын екендігін дәлелдеуі тиіс
- ✓ БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытудан өтуі тиіс

ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК БӨЛІМ

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында сапаны қамтамасыз ету саясаты университеттің Басқарма шешімімен 2021 жылғы 10 желтоқсанда (№9 хаттама) бекітіліп, ресми түрде жарияланған және барлық мүдделі тараптарға қолжетімді. Аталған саясат білім беру, ғылыми-зерттеу және оқыту үдерістерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жарияланымдарының нәтижелері оқу үдерісіне енгізіліп, силлабустар мазмұны жыл сайын жаңартылып отырады, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары (СҒЗЖ) оқу тапсырмаларымен ықпалдастырылған.

Университетте сапаны қамтамасыз ету мәдениеті қалыптасқан және институционалдық деңгейде жүзеге асырылады. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі білім беру бағдарламаларын жобалау, іске асыру, мониторингтеу және жетілдіру кезеңдерін қамтиды. 2022 жылғы 22 қазандағы №15 хаттамамен бекітілген мониторинг туралы Ережеге сәйкес білім беру бағдарламаларының тиімділігі жүйелі түрде бағаланып, оқу нәтижелері, білім алушылардың қанағаттану деңгейі және жұмыс берушілердің пікірлері талданады.

Сапаны қамтамасыз ету талаптары университеттің барлық қызмет түрлеріне, оның ішінде серіктестермен және мердігер ұйымдармен (аутсорсинг) өзара әрекеттестікке таралады. Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында серіктес жоғары оқу орындарына QS халықаралық рейтингтерінің ТОП-200/400 қатарына кіру талаптары қойылады, бұл білім беру сапасының халықаралық деңгейде қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының даму жоспары 2025–2028 жылдарға әзірленген және университеттің стратегиялық даму жоспарымен үйлестірілген. Даму жоспары 4 негізгі бағытты қамтиды: білім беру бағдарламасының бірегейлігі мен танылуы, білім беру қызметінің инновациясы, интернационализация және білім мен ғылымды интеграциялау. Нақты индикаторлар белгіленген: мысалы, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін 2028 жылға қарай 88%-ға жеткізу (2024 жылғы нақты көрсеткіш – 83%), академиялық ұтқырлықты дамыту және қос дипломды бағдарламаларды енгізу.

Білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығының талаптары мен кәсіби стандарттарға сәйкес тұрақты түрде жаңартылып отырады. Мысалы, 2024 жылы Академиялық комитет шешімімен «Жасанды интеллект және журналистика», «Қаржылық сауаттылық негіздері» пәндері енгізілді. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын жетілдіруге ҚР Туризм және спорт министрлігі, БАҚ және салалық ұйымдар тарапынан ұсыныстар енгізілген.

Білім беру бағдарламасын басқару процесіне мүдделі тараптар белсенді қатысады. Академиялық комитет құрамына жұмыс берушілер, профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар енгізілген. Мысалы, комитет жұмысына «Qazcontent» АҚ, «Егемен Қазақстан» газеті және басқа да ұйымдар өкілдері қатысып, білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіруге үлес қосады.

Университетте білім беру бағдарламасын басқару нақты регламенттелген бизнес-процестер негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама кафедра деңгейінде әзірленіп, факультет академиялық комитетінде қаралып, Академиялық кеңесте бекітіліп, Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданады және EPVO ақпараттық жүйесінде тіркелген. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен жауапкершіліктері ішкі нормативтік құжаттармен айқындалған.

Білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығы университеттің ресми ақпараттық ресурстары арқылы қамтамасыз етіледі. Smart.edu.kz платформасында білім беру бағдарламасының мазмұны, пәндер каталогы, даму жоспары және өзгерістер тарихы жарияланған, бұл барлық мүдделі тараптарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Мысалы, 2026 жылы білім беру бағдарламаларына салыстырмалы талдау жүргізіліп, оның нәтижелері негізінде бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару жүйесі даму жоспарында қарастырылып, білім алушылар контингентінің өзгеруі, еңбек нарығы талаптарының трансформациясы сияқты тәуекелдерге жауап беру шаралары белгіленген.

Университет білім беру бағдарламасы аясында инновацияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Оқу үдерісіне цифрлық технологиялар, пәнаралық тәсілдер және жаңа пәндер енгізу арқылы білім беру мазмұны жаңартылып отырады.

Білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілер үшін ашық және қолжетімді. Кері байланыс жүйесі сауалнамалар, кездесулер және академиялық комитет отырыстары арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, БББ басшылығы білім беру менеджменті саласында біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, басқару тиімділігін қамтамасыз етеді.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген сараптама нәтижесінде 6B03206 – Спорт журналистикасы білім беру бағдарламасын басқару жүйесі университеттің стратегиялық даму басымдықтарымен үйлесімді жүзеге асырылатыны анықталды. Сапаны қамтамасыз ету саясаты нақты іске асырылып, білім беру мазмұнының заманауи талаптарға бейімделуі арқылы көрініс табады. Мәселен, 2024 жылы «Жасанды интеллект және журналистика» пәнінің енгізілуі цифрлық медианың дамуына жауап ретінде жүзеге асқан жүйелі шешім болып табылады.

Білім беру бағдарламасының даму жоспары нәтижеге бағытталған және нақты индикаторлармен қамтамасыз етілген. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін 83%-дан 88%-ға дейін арттыру жоспарланған, бұл бағдарламаның еңбек нарығына бағдарланғанын көрсетеді.

Бағдарламаны басқарудың маңызды артықшылығы – мүдделі тараптардың нақты әрі белсенді қатысуы. Сараптама барысында спорт саласының негізгі ұйымдары тарапынан берілген қорытындылар ескерілді. Атап айтқанда, спорт федерациялары өкілдері білім беру бағдарламасының практикалық бағыттылығын және спорттық іс-шараларды медиалық сүйемелдеуге қабілетті мамандар даярлауға бағытталғанын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі өкілдері бағдарламаның салалық саясатпен сәйкестігін, сондай-ақ ұлттық спорт индустриясының кадрлық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталғанын оң бағалады. Бұл білім беру бағдарламасының мемлекеттік деңгейдегі сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, «KAZSPORT» телеарнасының басшылығы білім беру бағдарламасы түлектерінің кәсіби даярлық деңгейіне оң баға беріп, олардың телевизиялық спорт журналистикасы, тікелей эфирлерді жүргізу және спорттық контент өндіру дағдыларының қалыптасқанын атап өтті. Бұл пікірлер білім беру бағдарламасының мазмұны нақты еңбек нарығы талаптарына сәйкес келетінін дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады. Мысалы, медиа саласының цифрлануына байланысты «Қаржылық сауаттылық негіздері» және цифрлық бағыттағы пәндердің енгізілуі білім алушылардың әмбебап құзыреттерін дамытуға бағытталған.

6B03206 – Спорт журналистикасы білім беру бағдарламасының бірегейлігі оның тар салалық бағытында көрінеді. Бағдарлама Қазақстанда алғаш рет енгізілген және спорт журналистикасына маманданған кадрларды даярлауға бағытталған, бұл оның бәсекелік артықшылығын арттырады.

Білім беру бағдарламасын басқару құрылымы айқын регламенттелген және көпдеңгейлі сипатқа ие. Сонымен қатар, сараптама барысында басқару процестерінің көпсатылығы кейбір жағдайларда өзгерістер енгізу жылдамдығына әсер етуі мүмкін екендігі анықталды.

Ақпараттың ашықтығы университеттің цифрлық платформалары арқылы қамтамасыз етіледі, бұл білім беру бағдарламасының мазмұны мен даму жоспарларының қолжетімділігін көрсетеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі жалпы деңгейде қалыптасқанымен, оларды сандық көрсеткіштер арқылы бағалау тетіктерін жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Жалпы алғанда, 6B03206 – Спорт журналистикасы білім беру бағдарламасы еңбек нарығының нақты сұранысына негізделген, мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттестік орнатқан және басқару жүйесі қалыптасқан бағдарлама ретінде бағаланады. Сыртқы сарапшылар мен жұмыс берушілердің (спорт федерациялары, ҚР Туризм және спорт министрлігі, «KAZSPORT» телеарнасы) оң пікірлері бағдарламаның сапасы мен практикалық маңыздылығын қосымша дәлелдейді.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе: анықталған жоқ.

6B03206 – «Спорт журналистикасы» ББ-на ССК-ның ұсыныстары:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме мердігерлер мен серіктестер жүзеге асыратын барлық іс-шараларға (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты енгізу қажет.
2. Тәуекелдерді басқару жүйесі жалпы деңгейде қалыптасқанымен, оларды сандық көрсеткіштер арқылы бағалау тетіктерін жетілдіру.

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 13 критерий қанағаттанарлық деңгейде, 2 критерий жақсартуды талап етеді.

Стандарт 6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік»

- ✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің бар екенін, сондай-ақ білім беру бағдарламасы аясында ақпаратты жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолданатынын көрсетуі тиіс
- ✓ БББ басшылығы өңделген, өзекті ақпаратты ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру үшін жүйелі түрде пайдаланудың тетіктері бар екенін көрсетуі тиіс
- ✓ БББ басшылығы шешімдерді фактілер негізінде қабылдайтынын көрсетуі тиіс
- ✓ БББ аясында құрылымның барлық деңгейлерін қамтитын, бөлімшелер мен кафедралардың қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді бағалауды қамтитын тұрақты есептілік жүйесі қарастырылуы тиіс

✓ ЖОО БББ басқаруын, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметін, жоғары басшылықтың жұмысын, ғылыми жобалардың іске асырылуын бағалаудың мерзімділігін, нысандары мен әдістерін белгілеуі тиіс

✓ ЖОО ақпаратты қорғау тәртібін айқындап, оның сақталуын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде ақпараттың дұрыстығы мен уақытылы талдануына және деректердің ұсынылуына жауапты тұлғаларды белгілеуі қажет

✓ Білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты ақпарат жинау және талдау процестеріне, сондай-ақ сол негізде шешім қабылдауға тарту тетіктерінің болуы маңызды фактор болып табылады

✓ БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация тетіктерінің, сондай-ақ жанжалдарды шешу механизмдерінің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ ЖОО БББ аясында ПОҚ, қызметкерлер және білім алушылардың қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейін өлшеу тетіктерінің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауды, оның ішінде БББ бөлінісінде жүргізуді қарастыруы тиіс

✓ БББ аясында жиналатын және талданатын ақпарат келесілерді қамтуы тиіс:

– негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI);

– білім алушылар контингентінің түрлері мен нысандары бойынша динамикасы;

– үлгерім деңгейі, білім алушылардың жетістіктері және оқудан шығарылуы;

– білім алушылардың БББ іске асырылуына және оқу сапасына қанағаттану деңгейі;

– білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі;

✓ ЖОО білім алушылардың, қызметкерлердің және ПОҚ-тың дербес деректерін өңдеу рәсімдерінің олардың құжатталған келісімі негізінде жүзеге асырылатынын растауы тиіс

✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің бар екенін, сондай-ақ білім беру бағдарламасы аясында ақпаратты жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолданатынын көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы өңделген, өзекті ақпаратты ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру үшін жүйелі түрде пайдаланудың тетіктері бар екенін көрсетуі тиіс

✓ БББ басшылығы шешімдерді фактілер негізінде қабылдайтынын көрсетуі тиіс

✓ БББ аясында құрылымның барлық деңгейлерін қамтитын, бөлімшелер мен кафедралардың қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді бағалауды қамтитын тұрақты есептілік жүйесі қарастырылуы тиіс

✓ ЖОО БББ басқаруын, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметін, жоғары басшылықтың жұмысын, ғылыми жобалардың іске асырылуын бағалаудың мерзімділігін, нысандары мен әдістерін белгілеуі тиіс.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК БӨЛІМ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде және «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы аясында ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады. Университеттің негізгі цифрлық платформасы ретінде **Smart.enu.kz** және АИС «Platonus» жүйелері қолданылады, олар білім алушылардың оқу жетістіктері, GPA көрсеткіштері, пәндерге тіркелу, академиялық үлгерім және контингент динамикасы туралы деректерді автоматты түрде жинақтауға мүмкіндік береді.

Ақпаратты жүйелі пайдалану механизмі университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі арқылы іске асырылады. Мысалы, білім беру бағдарламасының мазмұны мен сапасын жетілдіру мақсатында Академиялық комитет, кафедра отырыстары және Ғылыми кеңес деңгейінде талдау жүргізіліп, нақты шешімдер қабылданады. 2026 жылғы 5 наурызда жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде «6B03206 – Спорт журналистикасы» ББ мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілген, бұл басқарушылық шешімдердің деректерге негізделетінін дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасы шеңберінде есептілік жүйесі көпдеңгейлі құрылымға ие. Кафедра, факультет және университет деңгейінде оқу, ғылыми және әдістемелік қызмет нәтижелері бойынша тұрақты есептер дайындалады. Мысалы, білім беру бағдарламасының даму жоспарына сәйкес түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 2024 жылы 83% құрап, 2028 жылға дейін 88%-ға жеткізу жоспарланған. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауда негізгі индикатор ретінде пайдаланылады.

Ақпараттың дұрыстығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Ақпаратты жинау, өңдеу және ұсыну үшін жауапты құрылымдық бөлімшелер (Академиялық мәселелер департаменті, Тіркеуші офис, Сапаны қамтамасыз ету департаменті) анықталған. Сонымен қатар, білім алушылар мен қызметкерлердің жеке деректерін өңдеу олардың жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады, бұл деректерді қорғау талаптарының сақталуын көрсетеді.

Білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілер ақпараттық процестерге белсенді түрде тартылады. Мысалы, білім беру бағдарламасын жетілдіру барысында ҚР Туризм және спорт министрлігі, спорт федерациялары, «Qazcontent» АҚ, «Егемен Қазақстан» және басқа да ұйымдар өкілдері қатысып, ұсыныстар береді. Сонымен қатар, студенттердің пәндерді оқыту сапасына қанағаттану деңгейі бойынша тұрақты сауалнамалар жүргізіледі, олардың нәтижелері оқу процесін жетілдіруде қолданылады.

Коммуникация тетіктері университеттің ресми сайты, Smart.enu.kz платформасы, академиялық кеңес отырыстары және кері байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Қақтығыстарды шешу үшін кафедра, деканат және университет деңгейінде арнайы рәсімдер қарастырылған.

Білім беру бағдарламасы аясында ақпаратты талдау келесі негізгі көрсеткіштерді қамтиды: білім алушылар контингентінің динамикасы, академиялық үлгерім, GRA көрсеткіштері, білім алушылардың қанағаттану деңгейі, білім беру ресурстарының қолжетімділігі және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі. Бұл көрсеткіштер жүйелі түрде мониторингтен өткізіліп, басқарушылық шешімдер қабылдауда қолданылады.

Осылайша, «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша ақпаратты басқару жүйесі құрылымдалған, цифрландырылған және деректерге негізделген басқару қағидаттарына сәйкес тиімді жүзеге асырылған.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген сараптама «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы аясында ақпаратты басқару жүйесінің цифрлық негізде ұйымдастырылғанын және деректердің басқарушылық шешім қабылдауда нақты қолданылатынын көрсетті.

Мысалы, АИС «Platonus» жүйесінде білім алушылардың үлгерімі, емтихан нәтижелері және GRA көрсеткіштері тіркеліп, семестр қорытындысы бойынша кафедра отырыстарында талқыланады. Осы талқылаулар нәтижесінде үлгерімі төмен пәндер бойынша қосымша сабақтар мен консультациялар енгізілген, бұл деректердің нақты басқарушылық әрекеттерге ықпал ететінін дәлелдейді.

Smart.enu.kz платформасында пәндер бойынша силлабустар, оқу-әдістемелік материалдар және оқу жоспарлары орналастырылған. Мысалы, 2024–2025 оқу жылында білім алушылардың пән мазмұнына қатысты пікірлері негізінде бірқатар пәндердің тақырыптық жоспарына өзгерістер енгізілген. Бұл ақпаратты жинау мен талдаудың оқу процесін жетілдіруде қолданылатынын көрсетеді.

Есептілік жүйесінің тиімділігі кафедра және факультет деңгейіндегі жылдық есептер арқылы көрінеді. Мысалы, кафедраның оқу-әдістемелік және ғылыми қызметі бойынша есептері академиялық кеңесте қаралып, соның негізінде келесі оқу жылына арналған оқу жүктемесі мен пәндер құрылымы нақтыланады. Бұл есептіліктің басқару шешімдерімен тікелей байланысын көрсетеді.

Мүдделі тараптарды тарту тәжірибесі нақты көрініс табады. Атап айтқанда, «KAZSPORT» телеарнасы, спорт федерациялары және ҚР Туризм және спорт министрлігі өкілдерінің ұсыныстары негізінде білім беру бағдарламасының практикалық компоненті күшейтіліп, өндірістік практика базалары кеңейтілген. Бұл сыртқы ақпарат көздерінің басқару жүйесіне интеграцияланғанын дәлелдейді.

Білім алушылардың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында онлайн сауалнамалар жүйелі түрде жүргізіледі. Мысалы, пәндерді оқыту сапасына қатысты сауалнама нәтижелері бойынша оқыту әдістерін жетілдіру және оқытушылардың жүктемесін қайта қарау бойынша шешімдер қабылданған. Бұл кері байланыстың нақты басқарушылық құрал ретінде қолданылатынын көрсетеді.

Ақпараттың дұрыстығы мен қорғалуы қамтамасыз етілген: білім алушылар мен қызметкерлердің дербес деректері ақпараттық жүйелерде тіркеліп, қолжетімділік деңгейлері арқылы қорғалады, ал деректерді енгізу мен өңдеуге жауапты тұлғалар айқындалған.

Сонымен қатар, жиналған ақпарат негізінен ағымдағы басқару шешімдерінде тиімді қолданылғанымен, оны ұзақмерзімді талдау және болжау мақсатында жүйелі пайдалану әлеуетін арттыру қажеттілігі байқалады.

Жалпы алғанда, «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша ақпаратты басқару және есептілік жүйесі нақты деректерге негізделген, басқарушылық шешім қабылдауда қолданылатын және білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді жүйе ретінде бағаланады.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе:

- 1. Университетте ақпаратты басқару және есептілік жүйесі жоғары деңгейде қалыптасқан, цифрландыру, деректерге негізделген басқару, stakeholder-лерді тарту және сапаны қамтамасыз ету механизмдері жүйелі түрде жұмыс істейді.*

ССК қорытындысы: «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша «БВ03206-Спорт журналистикасы» ББ 1 критерий жақсы, 15 критерий қанағаттанарлық деңгейде.

Стандарт 6.3 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»

- ✓ *ЖОО білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу және оларды институционалдық деңгейде бекіту рәсімдерін айқындап, құжаттандыруы тиіс*
- ✓ *ББ басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұнының қойылған мақсаттарға, оның ішінде күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз етуі қажет*
- ✓ *ББ басшылығы еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілер талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, бағдарламаның мазмұны мен*

құрылымын қайта қарау тетіктерінің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ ББ басшылығы оқу нәтижелері мен түлектің жеке қасиеттерін сипаттайтын түлек моделінің әзірленуін қамтамасыз етуі қажет

✓ ББ басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұны мен оны іске асырудың жоспарланған нәтижелеріне сыртқы сараптаманың жүргізілгенін дәлелдеуі тиіс

✓ ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты айқындалып, Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) және Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің (QF-EHEA) тиісті деңгейіне сәйкес келуі тиіс

✓ ББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқу нәтижелерін қалыптастыруға ықпалын анықтауы қажет

✓ Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға даярлау мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады

✓ ББ басшылығы білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және басқа да мүдделі тараптардың білім беру бағдарламасын әзірлеуге және оның сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс

✓ ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен жоспарланған оқу нәтижелерінің білім беру деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі қажет

✓ ББ құрылымында білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін әртүрлі қызмет түрлері қарастырылуы тиіс

✓ Білім беру бағдарламасының мазмұны мен оқу нәтижелерінің Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ЕПВО) іске асырылатын бағдарламалармен сәйкестігі маңызды фактор ретінде саналады.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК БӨЛІМ

«БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасын (ББ) әзірлеу және іске асыру Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің миссиясына, стратегиялық даму бағыттарына және академиялық саясатына толық сәйкес жүзеге асырылады. ББ әзірлеу, сараптау және бекіту рәсімдері университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен нақты регламенттелген, бұл бағдарламаның институционалдық деңгейде жүйелі басқарылуын қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ұлттық және салалық біліктілік шеңберлері, сондай-ақ кәсіби стандарттар негізінде әзірленген. Атап айтқанда, «Спорт журналистикасы» ББ мазмұны «Телевизиялық бағдарламаларды жасау және трансляциялау», «Ақпарат агенттіктерінің қызметі», «Газет және журнал шығару» сияқты кәсіби стандарттарға сәйкестендіріліп, еңбек функцияларына сәйкес пәндер жүйесі қалыптастырылған.

ББ мазмұны мен құрылымы білім беру бағдарламасының мақсаттарына және жоспарланған оқу нәтижелеріне толық сәйкес келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – спорт саласында кәсіби қызмет атқара алатын, тәжірибелік дағдылары қалыптасқан білікті мамандар даярлау болып табылады. Оқыту нәтижелері құзыреттер арқылы нақты айқындалып, пәндер мазмұнымен өзара байланыста қарастырылған.

Бағдарламаны жетілдіру тетіктері жүйелі түрде іске асырылады. Жыл сайын еңбек нарығының сұраныстары, жұмыс берушілердің ұсыныстары және білім алушылардың кері байланысы негізінде ББ мазмұны қайта қаралады. Мысалы, ҚР Туризм және спорт министрлігінің және «QazSport» телеарнасының ұсыныстары негізінде «Спорт журналистикасының құқықтық және этикалық аспектілері», «Телевизиядағы спорт журналистінің шеберлігі» сияқты пәндер оқу жоспарына енгізілген.

ББ бойынша түлек моделі әзірленіп, бекітілген. Онда түлектің кәсіби, жалпы кәсіби және әмбебап құзыреттері нақты сипатталған. Мысалы, түлек спорттық репортаждар жасау, ақпаратты талдау, медиа өнімдер әзірлеу және БАҚ саласында кәсіби қызмет атқару қабілеттеріне ие болуы тиіс.

Бағдарламаның сапасын қамтамасыз ету мақсатында сыртқы сараптама жүйелі түрде жүргізіледі. ББ мазмұны кәсіби қауымдастықтар, жұмыс берушілер және салалық ұйымдар тарапынан рецензияланып, олардың ұсыныстары оқу жоспарына енгізіледі. Сонымен қатар, барлық ББ ҚР БҒМ тізіліміне енгізілу үшін міндетті сыртқы сараптамадан өтеді.

ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік – «әлеуметтік ғылымдар бакалавры» – Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейіне және QF-EHEA талаптарына сәйкес келеді. Түлектердің кәсіби қызмет салалары мен лауазымдары білім беру бағдарламасының паспортында нақты айқындалған.

Оқу пәндері мен кәсіби практикалардың оқу нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі нақты анықталған. Мысалы, өндірістік практика 4, 6, 8 семестрлерде өткізіліп, жалпы көлемі 27 кредитті құрайды және білім алушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушыларды кәсіби қызметке және сертификаттауға даярлау мақсатында спорт федерацияларымен және медиа ұйымдармен тығыз байланыс орнатылған. Мысалы, студенттер спорт федерацияларында тәжірибеден өтіп, нақты жобалар мен репортаждар дайындауға қатысады, кейбір студенттер оқу барысында жұмысқа орналасқан.

ББ әзірлеу және жетілдіру үдерісіне білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілер белсенді түрде қатысады. Бұл қатысу академиялық комитет отырыстары, сауалнамалар, жұмыс кездесулері және кафедра мәжілістері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жұмыс берушілер бағдарламаны рецензиялауға, практиканы ұйымдастыруға және қорытынды аттестаттау комиссияларына қатысады.

ББ құрылымы модульдік қағидатқа және ECTS жүйесіне негізделген. Оқу пәндерінің мазмұны мен жоспарланған нәтижелері білім беру деңгейіне (бакалавриат) толық сәйкес келеді және Блум таксономиясы негізінде әзірленген.

Бағдарлама құрылымында білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін әртүрлі қызмет түрлері қарастырылған. Атап айтқанда, телестудия базасында практикалық сабақтар өткізу, медиа-жобалар әзірлеу, шеберлік сыныптары мен кәсіби кездесулер ұйымдастыру білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің (EHEA) қағидаттарына сәйкес әзірленіп, мазмұны мен оқу нәтижелері халықаралық талаптармен үйлестірілген.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту рәсімдері университет деңгейінде нақты регламенттелген және көпсатылы басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы кафедра деңгейінде талқыланып, факультет/жоғары мектептің академиялық комитетінде қаралып, университеттің Академиялық кеңесі мен Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Мұндай тәсіл шешім қабылдаудың алқалылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, білім беру бағдарламасының сапасын институционалдық деңгейде кешенді сараптауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әр оқу жылының наурыз айында келесі оқу жылына арналған білім беру бағдарламасының мазмұнына талдау жүргізіліп, өзгерістер енгізу бойынша нақты ұсыныстар әзірленеді, бұл оның жүйелі түрде жаңартылып отыратынын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны оның мақсаттарымен және жоспарланған оқу нәтижелерімен өзара тығыз байланыста қалыптастырылған. Бағдарламаның мақсаты – спорт

саласында кәсіби қызмет атқара алатын, тәжірибелік дағдылары қалыптасқан мамандар даярлау болса, оқу нәтижелері осы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін кәсіби және әмбебап құзыреттер арқылы нақтыланған. Мысалы, білім алушылардың спорттық репортаж әзірлеу, ақпаратты талдау, телерадио өнімдер дайындау және цифрлық медиада жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға бағытталған нәтижелер көрсетілген. Бұл оқу нәтижелерінің нақты кәсіби қызметпен сәйкестігін айқындайды.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын қайта қарау тетіктері нақты жұмыс істейді және тұрақты сипатқа ие. Жыл сайын еңбек нарығының сұранысына мониторинг жүргізіліп, пәндер мазмұны жаңартылып отырады. Мәселен, салалық ұйымдардың ұсыныстары негізінде «Спорт журналистикасының құқықтық және этикалық аспектілері», «Спорт федерациясының баспасөз қызметі», «Телевизиядағы спорт журналисінің шеберлігі» сияқты пәндердің енгізілуі білім беру бағдарламасының мазмұнына сыртқы талаптардың нақты ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, элективті пәндердің 10–30%-ының жыл сайын жаңартылуы бағдарламаның икемділігін және еңбек нарығына бейімделу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасы бойынша түлек моделі әзірленіп, бекітілген және ол құзыреттер жүйесі арқылы нақты сипатталған. Түлек моделінде кәсіби қызметке қажетті негізгі дағдылар, соның ішінде спорттық іс-шаралардан репортаж жүргізу, ақпаратты сараптау, медиа өнімдер әзірлеу, сондай-ақ цифрлық коммуникация құралдарын тиімді пайдалану қабілеттері айқын көрсетілген. Түлек моделін әзірлеуге жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуы оның мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейтеді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мен оқу нәтижелері сыртқы сараптамадан жүйелі түрде өткізіледі. Сараптамаға салалық ұйымдар, оның ішінде «QazSport» телеарнасы, спорт федерациялары және мемлекеттік органдар қатысады. Сараптамалық қорытындылар негізінде пәндер мазмұнына өзгерістер енгізіліп, жаңа пәндер қосылады. Бұл тәжірибе білім беру бағдарламасының мазмұнының еңбек нарығы талаптарына сәйкес үнемі жетілдіріліп отыратынын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты айқындалған және ұлттық әрі халықаралық талаптарға сәйкес келеді. Түлектерге «әлеуметтік ғылымдар бакалавры» дәрежесі беріледі, бұл Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, түлектердің кәсіби қызмет салалары нақты айқындалып, олардың бұқаралық ақпарат құралдары мен спорт ұйымдарында жұмыс істеу мүмкіндігі көрсетілген. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің 83%-ды құрауы білім беру бағдарламасының тиімділігін дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасы шеңберінде пәндер мен кәсіби практикалардың оқу нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі нақты анықталған. Өндірістік практика 4, 6 және 8 семестрлерде өткізіліп, жалпы көлемі 27 кредитті құрайды. Бұл білім алушылардың кәсіби дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, практика базалары ретінде спорт ұйымдары мен медиа құрылымдардың тартылуы теория мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы білім алушыларды кәсіби қызметке даярлау бағытында нақты тәжірибелік мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, студенттердің спорт федерацияларымен бірлесіп жұмыс істеуі, нақты жарыстардан репортаж дайындауы, әлеуметтік желілерде медиа жобаларды жүргізуі олардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, кейбір білім алушылардың оқу барысында жұмысқа орналасуы бағдарламаның тәжірибеге бағытталғанын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жетілдіру үдерісіне білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілер белсенді түрде қатысады. Білім алушылар академиялық комитет құрамына енгізіліп, оқу жоспарларын талқылауға қатысады, ал жұмыс

берушілер пәндерді сараптауға, практикаларды ұйымдастыруға және қорытынды аттестаттау комиссияларына қатысады. Бұл білім беру бағдарламасының мазмұнына мүдделі тараптардың нақты ықпал ететінін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мен оқу нәтижелері білім беру деңгейіне толық сәйкес келеді. Бағдарлама бакалавриат деңгейінде жүзеге асырылып, оқу нәтижелері Ұлттық біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкестендірілген. Сонымен қатар, пәндердің мазмұны Блум таксономиясы негізінде құрылып, білім алушылардың талдау, бағалау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының құрылымы білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін әртүрлі қызмет түрлерін қамтиды. Атап айтқанда, телестудия базасында өткізілетін практикалық сабақтар, медиа жобалар, шеберлік сыныптары және кәсіби кездесулер білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасының тәжірибеге бағытталған сипатын айқындайды.

Білім беру бағдарламасы Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарлама ECTS жүйесіне негізделген модульдік құрылым арқылы ұйымдастырылып, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын және оқу траекториясын икемді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе: анықталған жоқ.

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 12 критерий қанағаттанарлық деңгейде.

Стандарт 6.4. «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау»

✓ Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізуді және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларын мониторингтеу және кезеңдік бағалау тетіктерін айқындауы тиіс, сондай-ақ бұл тетіктердің бағдарламаны тұрақты жетілдіруге бағытталғанын көрсетуі қажет

✓ Білім беру бағдарламаларын мониторингтеу және кезеңдік бағалау келесілерді қамтуы тиіс:

оқытылатын пәндердің өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында бағдарламаның мазмұнын ғылымның соңғы жетістіктері тұрғысынан талдау;

қоғам мен кәсіби ортаның өзгермелі қажеттіліктерін ескеру;

білім алушылардың оқу жүктемесі, үлгерімі және бітіру көрсеткіштерін талдау;

білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігін бағалау;

білім алушылардың білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға қатысты күтулері, қажеттіліктері және қанағаттану деңгейін анықтау;

білім беру ортасы мен қолдау қызметтерінің білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігін бағалау.

✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы білім беру бағдарламасының сапасын мониторингтеу және кезеңдік бағалау үдерістерін жүзеге асыруда жүйелі тәсілдің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ Жоғары оқу орны және білім беру бағдарламасының басшылығы білім беру

бағдарламасына қатысты жоспарланған немесе іске асырылған өзгерістер туралы барлық мүдделі тараптарды ақпараттандыру тетіктерін айқындауы қажет

✓ Білім беру бағдарламасына енгізілген барлық өзгерістер ашық түрде жариялануы тиіс.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК БӨЛІМ

«6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасын мониторингтеу және мерзімді бағалау үдерісі университеттің сапаны қамтамасыз ету саясатына, оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылады. Бұл үдеріс университеттің стратегиялық басқару жүйесіне кіріктірілген және білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламасын мониторингтеу тетіктері нақты анықталған және олар тұрақты жетілдіру қағидатына негізделген. Мониторинг үдерісі деректерді жинау, талдау, талқылау және түзету шараларын қабылдау кезеңдерін қамтиды. Бұл ретте PDCA циклі (жоспарлау–іске асыру–талдау–жетілдіру) қағидаты жүзеге асырылып, білім беру бағдарламасының үздіксіз жаңартылып отыруын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мазмұны ғылымның соңғы жетістіктері мен салалық өзгерістерді ескере отырып жаңартылып отырады. Мысалы, 2022-2025 жылдар аралығында оқу жоспарына мультимедиялық сторителлинг, спорттық аналитика және цифрлық медиаға қатысты пәндер енгізілген. 2023-2024 оқу жылында «Әлемдік спорт журналистикасы», «Спорт комментаторының сөйлеу мәдениеті» пәндері қосылса, 2024-2025 оқу жылында «Спорттық медиаға кіріспе» пәні енгізіліп, дәстүрлі пәндер мазмұны қайта қаралған. Бұл бағдарламаның мазмұнының ғылым мен технологияның заманауи жетістіктеріне бейімделетінін дәлелдейді.

Қоғам мен кәсіби ортаның өзгермелі талаптары жүйелі түрде ескеріліп отырады. Мысалы, спорттық медиа саласындағы цифрлық трансформацияға байланысты оқу жоспарларына цифрлық платформалармен жұмыс істеу және медиа-продакшнға бағытталған пәндер енгізілген. Сонымен қатар, «Әдебиет теориясы» пәнінің орнына «Спорттық медиаға кіріспе» пәнінің енгізілуі білім беру бағдарламасының нақты кәсіби орта талаптарына бейімделгенін көрсетеді.

Білім алушылардың оқу жүктемесі, үлгерімі және бітіру көрсеткіштері тұрақты түрде талданып отырады. Академиялық үлгерім көрсеткіштері, оқу жүктемесінің құрылымы және түлектердің динамикасы университет деңгейінде жүйелі түрде мониторингтен өтеді. Сонымен қатар, соңғы жылдары жаңартылған пәндер санының 2022 жылғы 4-тен 2025 жылы 7-ге дейін артуы бағдарламаның мазмұнын жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан талдаулардың нәтижелілігін көрсетеді.

Білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі ішкі аудиттер және бақылау механизмдері арқылы бағаланады. Университетте пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, бағалау құралдары және оқу нәтижелеріне сәйкестігі тұрақты тексеріледі. Анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету шаралары қабылданып, оқу процесін жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылданады.

Білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану деңгейі жүйелі түрде сауалнамалар арқылы зерттеледі. 2024 жылғы нәтижелер бойынша білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттану деңгейі – 76%, материалдық-техникалық базаға – 71%, жалпы бағдарламаға қанағаттану деңгейі – 69% құраған. Бұл көрсеткіштер білім беру бағдарламасының сапасын бағалауда нақты индикаторлар ретінде пайдаланылады және түзету шараларын қабылдауға негіз болады.

Білім беру ортасы мен қолдау қызметтері білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылған. Университетте білім алушыларды қолдау тетіктері, оның ішінде Инклюзивті қолдау орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, цифрлық жүйелер (Platonus және басқа платформалар) арқылы білім алушылардың оқу процесін басқару, пәндерді таңдау және оқу жетістіктерін бақылау жүзеге асырылған.

Білім беру бағдарламасын мониторингтеу және бағалау үдерісінде жүйелі тәсіл қалыптасқан. Мониторинг кафедра, жоғары мектеп, академиялық департамент және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия деңгейінде жүзеге асырылады. Барлық нәтижелер алқалы органдарда талқыланып, хаттамалармен рәсімделеді. Бұл басқару шешімдерінің дәлелді және жүйелі қабылдануын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орны және білім беру бағдарламасының басшылығы барлық мүдделі тараптарды қабылданған шешімдер туралы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат университеттің цифрлық құжат айналымы жүйесі, кафедра отырыстары, академиялық комитет және ресми сайт арқылы жеткізіледі. Мысалы, білім беру бағдарламасын жаңарту бойынша жол картасы әзірленіп, мүдделі тараптарға ұсынылған.

Білім беру бағдарламасына енгізілген барлық өзгерістер ашық түрде жарияланады. Өзгерістер тарихы кафедраның ресми сайтында орналастырылып, сараптамалық қорытындылар мен жаңартылған пәндер каталогы қолжетімді етіледі. Бұл бағдарламаның ашықтығын және мүдделі тараптар үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Ұсынылған дәлелдер білім беру бағдарламасын мониторингтеу және мерзімді бағалау жүйесінің жоғары оқу орнында жүйелі, көпдеңгейлі және нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастырылғанын көрсетеді. Мониторинг нәтижелері нақты өзгерістерге алып келіп, білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңартуға, оның еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін арттыруға және білім алушылардың қанағаттануын қамтамасыз етуге бағытталған.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Білім беру бағдарламасын мониторингтеу жүйесінің тиімділігі оның нәтижелерінің нақты өзгерістерге ықпал ету дәрежесі арқылы бағаланады. Ұсынылған деректер бұл үдерістің формалды сипатта емес, мазмұндық трансформацияға бағытталғанын көрсетеді. Мысалы, соңғы төрт жылда жаңартылған пәндер санының 4-тен 7-ге дейін өсуі және жаңа элективті пәндер санының екі есеге артуы бағдарламаны жетілдіру жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілетінін айғақтайды. Бұл динамика кездейсоқ өзгерістер емес, мониторинг нәтижелеріне негізделген жоспарлы жаңартулардың бар екенін көрсетеді.

Бағдарламаның мазмұнына енгізілген өзгерістердің сипаты талданғанда, олардың еңбек нарығындағы нақты трансформацияларға жауап ретінде қабылданғаны байқалады. Мысалы, «Әдебиет теориясы» пәнінің «Спорттық медиаға кіріспе» пәнімен ауыстырылуы классикалық теориялық компоненттің қысқарып, оның орнына салалық және қолданбалы мазмұнның күшейгенін көрсетеді. Бұл шешім білім беру бағдарламасының академиялық мазмұнын қайта қарау кезінде кәсіби орта талаптарының басымдыққа ие болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, «Спорт комментаторының сөйлеу мәдениеті» пәнінің енгізілуі нақты кәсіби функцияларға (комментаторлық қызмет) бағытталған дағдыларды қалыптастыру қажеттілігінен туындаған.

Мониторинг нәтижелерінің оқу процесін ұйымдастыруға әсері оқу жүктемесін қайта бөлу мысалынан айқын көрінеді. 2025–2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндердің кейінгі семестрлерге ауыстырылуы білім алушылардың жүктемесін теңестіруге бағытталған. Бұл шешім академиялық үлгерім мен оқу жүктемесін талдау нәтижесінде қабылданғанын көрсетеді. Яғни, мониторинг тек мазмұнды емес, оқу процесінің құрылымын да оңтайландыруға ықпал етеді.

Білім алушылардың қанағаттану көрсеткіштерін талдау бағдарламаның әлсіз және күшті тұстарын нақты айқындауға мүмкіндік береді. 2024 жылғы сауалнама нәтижелерінде оқыту сапасына қанағаттану деңгейі 76% болса, тәжірибеге бағытталу көрсеткіші 64% деңгейінде қалған. Бұл айырмашылық бағдарламаның теориялық және ұйымдастырушылық компоненттері жақсы жолға қойылғанымен, практикалық дайындықтың жеткілікті деңгейде интеграцияланбағанын көрсетеді. Аталған дерек бағдарламаны жетілдірудің нақты бағытын – практикалық компонентті күшейту қажеттігін көрсетеді.

Бағалау рәсімдерінің тиімділігіне қатысты талдау олардың сапаны бақылау құралы ғана емес, жетілдіру механизмі ретінде қолданылатынын көрсетеді. Ішкі аудит нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету шараларының қабылдануы бағалау жүйесінің кері байланыс функциясын атқаратынын дәлелдейді. Бұл тәжірибе бағалаудың формалды рәсімнен басқарушылық құралға айналған.

Мониторингтің жүйелілігі оның көпдеңгейлі құрылымынан көрінеді, алайда талдау көрсеткендей, негізгі шешімдер көбінесе кафедра және академиялық деңгейде шоғырланған. Бұл жоғары деңгейдегі стратегиялық талдаумен салыстырғанда тактикалық өзгерістердің басым екенін білдіреді. Мысалы, пәндер мазмұнын жаңарту және кредиттерді қайта бөлу сияқты өзгерістер жиі орын алғанымен, бағдарламаның құрылымдық немесе модельдік деңгейдегі трансформациялары аз байқалады.

Мүдделі тараптарды ақпараттандыру тетіктері бар болғанымен, олардың тиімділігі біркелкі емес. Ақпарат негізінен ішкі арналар (құжат айналымы, кафедра отырыстары) арқылы таратылады, бұл сыртқы мүдделі тараптардың (әсіресе талапкерлер мен кең аудиторияның) ақпаратқа қолжетімділігін шектеуі мүмкін. Өзгерістердің ресми сайтта жариялануы ашықтықты қамтамасыз етеді, алайда олардың қолжетімділігі мен түсініктілігіне қосымша талдау жүргізу қажет.

Жалпы алғанда, мониторинг жүйесі деректерге негізделген және нақты нәтижелерге алып келетін басқару құралы ретінде қалыптасқан. Бағдарламаның мазмұнын жаңарту, оқу жүктемесін оңтайландыру және пәндік құрылымды қайта қарау сияқты өзгерістер мониторинг нәтижелерінің практикалық маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, талдау нәтижелері бағдарламаны одан әрі жетілдіру үшін практикалық дайындықты күшейту және ақпараттандыру тетіктерінің тиімділігін арттыру қажеттігін айқындайды.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе: анықталған жоқ.

6B03206 – «Спорт журналистикасы» ББ-на ССК-ның ұсыныстары: жоқ

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ бойынша 10 критерий қанағаттанарлық деңгейде.

Стандарт 6.5 «Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және үлгерімді бағалау»

✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруді қамтамасыз етіп, оларға икемді оқу траекторияларын ұсынуы тиіс.	✓
✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы оқыту мен оқу үдерісінде әртүрлі оқыту формалары мен әдістерін қолдануды қарастыруы қажет.	✓

✓ Оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласында жүргізілетін меншікті ғылыми зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.	✓
✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы оқыту әдістерін қолдану және оқу нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс тетіктерінің бар екенін көрсетуі тиіс.	✓
✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың дербестігін қолдаумен қатар, оқытушы тарапынан тиісті бағыт-бағдар беру және қолдау көрсету тетіктерінің бар екенін дәлелдеуі қажет.	✓
✓ Білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың шағымдарына әрекет ету рәсімдерінің бар екенін көрсетуі тиіс.	✓
✓ Жоғары оқу орны әрбір білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін бағалау механизмдерінің бірізділігін, ашықтығын және объективтілігін, оның ішінде апелляция рәсімін қамтамасыз етуі тиіс.	✓
✓ Жоғары оқу орны білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің білім беру бағдарламасының мақсаттары мен жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз етіп, бағалау критерийлері мен әдістерін алдын ала жариялауы қажет.	✓
✓ Жоғары оқу орнында білім беру бағдарламасының әрбір түлегі жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін тетіктер айқындалуы және олардың толық қалыптасуы қамтамасыз етілуі тиіс.	✓
✓ Бағалауды жүзеге асыратын тұлғалар оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеріп, осы салада біліктілігін жүйелі түрде арттырып отыруы қажет.	✓

ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Жоғары оқу орнында білім беру бағдарламасын іске асыру студентке бағдарланған оқыту қағидаттарына негізделген. Университет деңгейінде қабылданған академиялық саясат білім алушылардың білім беру мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге, оқыту мен бағалаудың икемді және әділ тетіктерін қолдануға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескеріп, икемді оқу траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етеді. Мысалы, білім беру бағдарламасына «Заманауи қоғамдағы инклюзивті мәдениет», «Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі» пәндерінің енгізілуі әлеуметтік сұраныстар мен білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескерудің нақты көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы №419 бұйрығына сәйкес білім беру бағдарламасына жасанды интеллектіні қолдану құзыреттері енгізіліп, «Мультимедиялық журналистика» пәнінің мазмұны жаңартылған.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жетілдіру үдерісіне мүдделі тараптар кеңінен тартылған. Академиялық комитет құрамына профессор-оқытушылар, білім алушылар және жұмыс берушілер енгізіліп, білім беру бағдарламасының мазмұны олардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады. Сонымен қатар, бейресми білім беру нәтижелерін тану ережесінің болуы білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру мүмкіндігін кеңейтеді.

Оқыту үдерісінде әртүрлі әдістер мен формалар қолданылады. Профессор-оқытушылар құрамының интерактивті әдістерді меңгеруі жүйелі түрде бақыланып, олардың біліктілігін арттыру мақсатында Coursera платформасында курстардан өтуі қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, кафедрада өзара сабаққа қатысу тәжірибесі енгізіліп, оқыту әдістерінің тиімділігі тұрақты түрде бағаланып отырады.

Оқыту әдістемесі саласында ғылыми ізденістер жүргізілуде. Профессор-оқытушылар құрамының спорт журналистикасы бағытында ғылыми мақалалары жарияланып, халықаралық

конференцияларда баяндамалар жасалған. 2024 жылы «Спорт журналистикасының негіздері» оқу құралы жарық көріп, кафедрада ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылған. Бұл оқыту мазмұнының ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Оқыту әдістерін қолдану және оқу нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесі қалыптасқан. Әрбір семестр соңында білім алушылар арасында сауалнамалар жүргізіліп, олардың нәтижелері негізінде оқу процесін жетілдіру бойынша шешімдер қабылданады. Сонымен қатар, Smart.edu платформасында сауалнама нәтижелері жарияланып, ашықтық қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың дербестігін қолдау мен оқытушы тарапынан жетекшілік көрсету теңгерімді түрде жүзеге асырылады. Академиялық саясатта білім алушылардың дербестігін дамытуға бағытталған қағидалар бекітілген. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен эдвайзерлік жүйе білім алушылардың жеке оқу траекторияларын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Білім алушылардың шағымдарын қарастыру рәсімдері белгіленген және жүйелі түрде жүзеге асырылады. Шағымдар сауалнамалар, кафедра мәжілістері және директорат отырыстарында қаралып, тиісті шешімдер қабылданады. Мысалы, аудитория тапшылығы мен сабақ кестесіне қатысты мәселелерді шешу мақсатында аралас оқыту элементтері енгізілген.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі ашық, бірізді және объективті түрде ұйымдастырылған. Бағалау нәтижелері Platonus жүйесінде жүйелі түрде тіркеліп, білім алушыларға қолжетімді. Сонымен қатар, апелляция рәсімі қарастырылып, білім алушылардың құқықтарын қорғау қамтамасыз етіледі.

Бағалау рәсімдері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен оқу нәтижелеріне сәйкес келеді. Пәндер бойынша бағалау критерийлері силлабустарда алдын ала жарияланып, білім алушыларға қолжетімді түрде ұсынылады. Бағалау барысында жобалық жұмыстар, портфолио, практикалық тапсырмалар және аналитикалық материалдар кеңінен қолданылады.

Білім беру бағдарламасы түлектердің жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін тетіктерді қамтиды. Түлек моделі бекітіліп, кәсіби құзыреттер жүйесі арқылы нақты сипатталған. Түлектердің «QazSport», «Abai» телеарналары сияқты ұйымдарда жұмыс істеуі бағдарламаның нәтижелілігін көрсетеді.

Бағалауды жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүйелі түрде жүргізіледі. Оқытушылар Coursera, халықаралық тағылымдамалар («Болашақ» бағдарламасы), сондай-ақ университет ұйымдастырған курстар арқылы өз білімін жетілдіреді. Бұл олардың оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Білім беру бағдарламасында студентке бағдарланған оқыту қағидаларының іске асырылу деңгейі икемді оқу траекторияларының нақты қолданылуымен сипатталады. Бейресми білім беру нәтижелерін тану тетігінің енгізілуі және білім алушылардың элективті пәндерді таңдау мүмкіндігінің кеңеюі жеке оқу траекторияларын қалыптастырудың формалды емес, нақты жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект құзыреттерінің енгізілуі білім беру мазмұнының жеке қажеттіліктер мен заманауи талаптарға бейімделетінін дәлелдейді.

Оқыту әдістерінің әртүрлілігі олардың практикалық бағыттылығымен сипатталады. Интерактивті әдістердің қолданылуы, жобалық жұмыстар мен медиа өнімдерді әзірлеуге бағытталған тапсырмалардың енгізілуі білім алушылардың белсенді оқу позициясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытушылардың Coursera платформасы арқылы біліктілігін арттыруы оқыту әдістерінің жүйелі түрде жаңартылып отырғанын

көрсетеді. Бұл тәжірибе оқыту үдерісінің дәстүрлі форматтан интерактивті және қолданбалы модельге ауысқанын айғақтайды.

Оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми қызметтің болуы білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. 2024 жылы жарық көрген «Спорт журналистикасының негіздері» оқу құралы және халықаралық конференцияларға қатысу фактілері оқытушылардың ғылыми нәтижелерін оқу процесіне енгізу тәжірибесінің бар екенін көрсетеді. Алайда, ұсынылған деректер негізінен жеке бастамаларға сүйенетінін көрсетеді, бұл ғылыми зерттеулерді жүйелі әдістемелік бағыт ретінде дамыту қажеттігін білдіреді

Кері байланыс тетіктерінің тиімділігі олардың нәтижелерінің оқу процесіне ықпал ету дәрежесімен анықталады. Smart.edu платформасында жүргізілетін сауалнамалар білім алушылардың пікірін жүйелі түрде жинауға мүмкіндік береді. Дегенмен, ұсынылған материалдарда кері байланыс нәтижелерінің нақты қандай өзгерістерге алып келгені толық ашылмаған, бұл кері байланыстың басқарушылық шешімдерге ықпалын күшейту қажеттігін көрсетеді

Білім алушылардың дербестігін қолдау мен оқытушы тарапынан жетекшілік көрсету арасындағы тепе-теңдік эдвайзерлік жүйе арқылы қамтамасыз етіледі. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен пәндерді таңдау мүмкіндігі білім алушылардың дербестігін арттырса, эдвайзерлердің болуы оқу траекториясын бағыттауға мүмкіндік береді. Бұл модель студенттің автономиясын толық еркіндік емес, басқарылатын дербестік ретінде қалыптастыруға бағытталғанын көрсетеді

Білім алушылардың шағымдарын қарастыру жүйесі жұмыс істейді, алайда оның тиімділігі нақты нәтижелер арқылы бағаланады. Мысалы, аудитория тапшылығы мен сабақ кестесіне қатысты мәселелерді шешу үшін аралас оқыту форматының енгізілуі кері байланыстың нақты басқарушылық шешімдерге ықпал еткенін көрсетеді. Бұл шағымдарды қарастыру жүйесінің формалды емес, практикалық мәнге ие екенін дәлелдейді

Бағалау жүйесінің ашықтығы мен объективтілігі цифрлық платформалар арқылы қамтамасыз етіледі. Platonus жүйесінде бағалардың тіркелуі және силлабустарда бағалау критерийлерінің алдын ала жариялануы бағалау үдерісінің транспаренттілігін арттырады. Сонымен қатар, апелляция рәсімінің болуы білім алушылардың құқықтарын қорғау механизмдерінің бар екенін көрсетеді. Бұл бағалау жүйесінің институционалдық тұрғыда қалыптасқанын дәлелдейді

Бағалау рәсімдерінің оқу нәтижелерімен сәйкестігі тапсырмалар түрлерінің мазмұны арқылы көрінеді. Жобалық жұмыстар, портфолио және практикалық тапсырмалар қолданылуы оқу нәтижелерінің тек теориялық емес, қолданбалы сипатта қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл бағалау жүйесінің нәтижеге бағытталғанын көрсетеді.

Түлектердің оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейі олардың кәсіби ортаға интеграциялануымен расталады. Мысалы, түлектердің «QazSport», «Abai» телеарналарында жұмыс істеуі бағдарламаның кәсіби дағдыларды қалыптастырудағы тиімділігін көрсетеді. Бұл көрсеткіш оқу нәтижелерінің еңбек нарығында сұранысқа ие екенін дәлелдейді.

Бағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың біліктілігін арттыру жүйесі қалыптасқан. Оқытушылардың халықаралық бағдарламаларға («Болашақ») қатысуы және онлайн курстардан өтуі олардың бағалау әдістерін жаңарту бағытында жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетеді. Дегенмен, бағалау әдістері бойынша арнайы тренингтердің жүйелілігіне қатысты деректердің жеткіліксіздігі бұл бағытты одан әрі дамыту қажеттігін айқындайды.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе: анықталған жоқ.

6B03206 – «Спорт журналистикасы» ББ-на ССК-ның ұсыныстары: Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы іске асырылу қамтамасыз ету қажет.

ССК қорытындысы:

«Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 10 критерий қанағаттанарлық деңгейде.

Стандарт 6.6 «Білім алушылар»

✓ Білім беру ұйымы (ББҰ) білім алушылар контингентін білім беру бағдарламалары (БББ) бөлінісінде қалыптастыру саясатының бар екенін көрсетуі тиіс, сондай-ақ білім алушылардың өмірлік циклін (қабылданудан бастап оқуын аяқтауға дейін) реттейтін рәсімдердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуі қажет.

✓ БББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру тәртібін келесі негіздер бойынша айқындауы тиіс:

– талапкерлерге қойылатын ең төменгі талаптар

– семинарлық, практикалық, зертханалық және студиялық сабақтарды өткізу кезінде топтың ең жоғары саны

– мемлекеттік гранттар санының болжамы

– қолда бар материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстар мен кадрлық әлеуетті талдау

– студенттерге арналған ықтимал әлеуметтік жағдайларды талдау, оның ішінде жатақханамен қамтамасыз ету.

✓ БББ басшылығы жаңадан қабылданған және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүзеге асыруға дайын екенін көрсетуі тиіс.

✓ ББҰ өз қызметінің Лиссабон конвенциясына сәйкестігін көрсетуі, білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану механизмінің бар екенін дәлелдеуі тиіс.

✓ ББҰ біліктіліктерді салыстырмалы түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтардың еуропалық желісі / Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары» ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастық орнатуы тиіс.

✓ ББҰ білім алушыларға сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық мүмкіндігін қамтамасыз етуі, сондай-ақ сыртқы гранттар алуына қолдау көрсетуге дайын болуы қажет.

✓ БББ басшылығы білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуге, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және олармен байланысты сақтауға дайын екенін көрсетуі тиіс.

✓ ББҰ БББ түлектерін алған біліктілігін растайтын құжаттармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруы тиіс, оның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім мазмұны, контексті және мәртебесі, сондай-ақ оны аяқтағанын растайтын куәліктер қамтылуы қажет.

ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Білім беру ұйымы білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын жүйелі және институционалдық деңгейде жүзеге асыратынын көрсетеді. Контингентті басқару университеттің академиялық саясаты мен стратегиялық даму құжаттарына сәйкес реттеледі,

бұл білім алушылардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерін (қабылдау, оқу, бітіру) қамтитын рәсімдердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, бакалавриатқа қабылдау ҰБТ нәтижелері негізінде жүргізіліп, талапкерлер үшін шекті балл талаптары белгіленген. Сонымен қатар, «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасына түсу үшін талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады, бұл талапкерлердің кәсіби бейімділігін, коммуникациялық дағдыларын және мотивациясын бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, емтихандарға БАҚ өкілдері мен профессорлық-оқытушылар құрамы қатысып, бағалау ашық әрі бейтарап түрде жүргізіледі.

Білім алушылардың өмірлік циклі Platonus автоматтандырылған жүйесі арқылы басқарылып, әр студенттің жеке оқу траекториясы, академиялық күнтізбесі және оқу жетістіктері тіркеледі. Бұл жүйе білім алушылардың оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және деректердің толық сақталуына мүмкіндік береді.

Контингентті қалыптастыру кезінде университет материалдық-техникалық ресурстарды, кадрлық әлеуетті және әлеуметтік жағдайларды ескереді. Мысалы, оқу процесін қамтамасыз ету үшін заманауи телестудиялар, мультимедиялық сыныптар және интернет ресурстары қолжетімді. Бұл білім беру бағдарламасының сапалы іске асырылуына жағдай жасайды.

Білім беру бағдарламасының тартымдылығы контингент динамикасымен дәлелденеді: қазіргі таңда бағдарламада 58 білім алушы оқиды, оның ішінде 1 курс – 15, 2 курс – 23, 3 курс – 12, 4 курс – 8 студент. Контингенттің өсуі басқа жоғары оқу орындарынан ауысқан білім алушылар есебінен де қамтамасыз етіледі, бұл бағдарламаның сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Білім алушыларды бейімдеу және қолдау жүйесі тиімді ұйымдастырылған. Бірінші курс студенттері үшін «Бейімделу апталығы» өткізіліп, оларға университет инфрақұрылымы, оқу процесі және академиялық талаптар түсіндіріледі. Сонымен қатар, эдвайзерлер, тіркеу офисі, психологиялық және медициналық қызметтер тұрақты түрде қолдау көрсетеді. Бұл тәжірибе әсіресе шетелдік білім алушылардың академиялық және әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді.

Университет өз қызметінде Лиссабон конвенциясының қағидаттарын басшылыққа алады. Білім беру бағдарламасы Қазақстанның Ұлттық біліктілік шеңберінің және Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейіне сәйкес келеді, бұл түлектердің біліктілігін халықаралық деңгейде тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ECTS жүйесіне негізделген кредиттік технология білім нәтижелерінің өзара танылуын қамтамасыз етеді.

Академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында университетте «WELCOME TO ENU» және ENU Students Ambassador бағдарламалары іске асырылуда. Қазіргі уақытта білім алушылардың академиялық ұтқырлыққа қатысуы шектеулі болғанымен, 2026–2027 оқу жылына қатысу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қырғызстандағы Ж.Баласағын атындағы университетпен ынтымақтастық орнату бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Практика базаларымен қамтамасыз ету және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Мысалы, кәсіби практика ұйымдастыру тәртібі нормативтік құжаттармен бекітілген, ал жұмыс берушілермен бірлескен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – 2025» іс-шарасы білім алушылардың еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етеді.

Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 2024 жылы 83%-ды құрап, бағдарламаның еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін көрсетеді. Сонымен қатар, түлектер қауымдастығы арқылы университетпен байланыс сақталып, түлектер мастер-класстар өткізу, демеушілік және кәсіби қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысады.

Университет түлектерге біліктілігін растайтын құжаттарды (диплом, транскрипт) толық көлемде ұсынады, онда оқу нәтижелері, білім мазмұны және мәртебесі көрсетіледі. Бұл білім беру процесінің ашықтығын және нәтижелердің танылуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға қатысты саясат, рәсімдер және қолдау тетіктері халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген кешенді талдау көрсеткендей, білім беру ұйымында білім алушылар контингентін қалыптастыру, басқару және қолдау жүйесі институционалдық, академиялық және цифрлық басқару деңгейлерінде жүйелі түрде іске асырылған. Университет білім алушылардың өмірлік циклін толық қамтитын (оқуға қабылдау, оқу процесі, академиялық мониторинг, бітіру және кейінгі сүйемелдеу) рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл үдерістер университеттің академиялық саясаты, даму стратегиясы және цифрлық платформалар арқылы реттеледі.

Білім алушыларды қабылдау нақты регламенттелген және талапкерлерге қойылатын талаптар айқын анықталған. Атап айтқанда, бакалавриатқа қабылдау ҰБТ нәтижелері негізінде жүзеге асырылады, ал «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасына түсу үшін талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады. Бұл талапкерлердің тек академиялық дайындық деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби құзыреттіліктерін, шығармашылық әлеуетін және коммуникациялық дағдыларын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық емтихандардың мазмұны талапкерлердің жазбаша және ауызша сөйлеу қабілетін, медиа саласындағы базалық білімін және болашақ мамандыққа деген уәждемесін анықтауға бағытталған. Емтихан комиссиясының құрамына университеттің профессорлық-оқытушылар құрамымен қатар, салалық жұмыс берушілер – бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енгізілген. Бұл тәжірибе бағалаудың объективтілігін арттырып қана қоймай, еңбек нарығы талаптарының қабылдау процесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қабылдау және оқу процесінің барлық кезеңдері Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының жеке профилінде оның оқу траекториясы, пәндер тізімі, академиялық күнтізбесі, оқу жетістіктері мен бағалары тіркеледі. Академиялық күнтізбеде семестрлердің басталу және аяқталу мерзімдері, аралық бақылау кезеңдері, емтихан сессиялары және демалыс уақыттары нақты көрсетілген. Бұл білім алушылардың оқу процесіне толыққанды қатысуына және оның ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының контингенттік көрсеткіштері оның тұрақты дамуын және сұранысқа ие екенін дәлелдейді. 2024–2025 оқу жылында «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша жалпы 58 білім алушы тіркелген:

- 1 курс – 15 білім алушы
- 2 курс – 23 білім алушы
- 3 курс – 12 білім алушы
- 4 курс – 8 білім алушы

Контингенттің қалыптасуы тек алғашқы қабылдау арқылы ғана емес, сонымен қатар басқа жоғары оқу орындарынан ауысқан білім алушылар есебінен де жүзеге асырылады. Бұл көрсеткіш білім беру бағдарламасының тартымдылығын және оның білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Бағдарлама бойынша алғашқы түлектер 2024 жылы бітіріп шыққан, олардың саны – 12 адам. Бұл түлектер қазіргі таңда еңбек нарығында табысты қызмет атқаруда, бұл бағдарламаның практикалық бағыттылығы мен еңбек нарығына сәйкестігін дәлелдейді.

Контингентті қалыптастыру кезінде университет материалдық-техникалық, кадрлық және әлеуметтік ресурстарды кешенді түрде ескереді. Университеттің инфрақұрылымы

заманауи талаптарға сәйкес келеді: оқу процесі телестудиялармен, мультимедиялық және монтаждық зертханалармен, компьютерлік сыныптармен, кең кітапхана қорымен және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген .

Бұл ресурстар білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, әсіресе медиаөндіріс және журналистика саласында практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасының мазмұны жыл сайын жаңартылып, білім алушылардың үлгерімі мен сауалнама нәтижелері кафедра отырыстарында талданып отырады.

Университетте білім алушыларды бейімдеу және қолдау жүйесі кешенді түрде ұйымдастырылған. Бірінші курс студенттері үшін «Бейімделу апталығы» өткізіліп, оның барысында білім алушылар университеттің инфрақұрылымымен, академиялық саясатымен және оқу процесінің ерекшеліктерімен танысады. Сонымен қатар, әр топқа кураторлар мен эдвайзерлер бекітіледі, олар білім алушыларға оқу траекториясын таңдауда және академиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетеді .

Әлеуметтік және академиялық қолдау қызметтері (тіркеу офисі, кітапхана, медициналық қызмет, психологиялық қолдау) тұрақты негізде жұмыс істейді. Бұл әсіресе шетелдік білім алушылар үшін маңызды, өйткені олардың академиялық және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

Университет Лиссабон конвенциясының қағидаттарын ұстана отырып, білім беру нәтижелерінің халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің және Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, кредиттік оқыту технологиясы және ECTS жүйесі арқылы білім нәтижелерінің өзара танылуы жүзеге асырылады .

Академиялық ұтқырлық нәтижелерін тану нақты механизмдер арқылы іске асырылады:

- пәндер мен кредиттерді қайта есептеу;
- оқу нәтижелерін транскриптке енгізу;
- академиялық айырмашылықтарды жою рәсімдері.

Алайда, нақты білім беру бағдарламасы бойынша академиялық ұтқырлыққа қатысу деңгейі төмен, бұл бағытта әлеует бар және оны дамыту қажеттілігі байқалады.

Университет білім алушыларды практика базаларымен қамтамасыз ету және түлектерді жұмысқа орналастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізеді. Практиканы ұйымдастыру тәртібі нормативтік құжаттармен бекітілген және оның нәтижелері кафедра деңгейінде талқыланады .

Жұмыс берушілермен өзара байланыс нақты іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – 2025» аясында білім алушылар жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алған.

Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 2024 жылы 83%-ды құраған, бұл білім беру бағдарламасының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін көрсетеді. Сонымен қатар, түлектер қауымдастығы арқылы университетпен тұрақты байланыс сақталып, түлектер білім беру процесіне белсенді қатысады (шеберлік сабақтары, кәсіби кездесулер, тәлімгерлік).

Жалпы алғанда, «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға қатысты саясат, рәсімдер және қолдау тетіктері жүйелі, ашық және халықаралық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда. Университет білім алушылардың академиялық және кәсіби дамуына қажетті барлық жағдайларды қамтамасыз еткен.

Сонымен қатар, сараптамалық тұрғыдан академиялық ұтқырлықты дамыту, шетелдік серіктестермен нақты нәтижелерге бағытталған ынтымақтастықты күшейту және халықаралық тәжірибені кеңейту қажеттілігі анықталды.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе:

1. Практика базасы жоғары деңгейде, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары.

ССК қорытындысы:

«Білім алушылар» стандарты бойынша «БВ03206-Спорт журналистикасы» ББ бойынша I жақсы, II критерий қанағаттанарлық деп бағаланады.

Стандарт 6.7 «Профессор-оқытушылар құрамы»

✓ Білім беру ұйымы (ББҰ) білім беру бағдарламалары (БББ) бөлінісінде кадрлық саясаттың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл саясат персоналды іріктеу, олардың кәсіби өсуі мен дамуын қамтып, барлық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы қажет.

✓ ББҰ профессорлық-оқытушылар құрамының (ПОҚ) кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы өз қызметкерлері үшін жауапкершілікті сезінетінін және олардың тиімді еңбек етуіне қолайлы жағдайлар жасалғанын дәлелдеуі қажет.

✓ БББ басшылығы студентке бағдарланған оқытуға көшу жағдайында оқытушының рөлінің өзгергенін көрсетуі тиіс.

✓ ББҰ білім беру бағдарламалары бойынша профессорлық-оқытушылар құрамының ұйымның даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарын іске асырудағы үлесін айқындауы қажет.

✓ ББҰ профессорлық-оқытушылар құрамының мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік жасауы тиіс.

✓ БББ басшылығы тиісті экономика салаларынан практик-мамандарды оқыту процесіне тартуға дайын екенін көрсетуі қажет.

✓ ББҰ білім беру бағдарламаларының профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетуі тиіс, оның ішінде ғылыми қызмет пен білім беруді интеграциялау, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістерін қолдану үшін ынталандыру шаралары қарастырылуы қажет.

✓ Білім беру бағдарламасы аясында академиялық ұтқырлықты дамытуға, сондай-ақ үздік отандық және шетелдік оқытушыларды тартуға дайындық маңызды фактор болып табылады.

ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Білім беру ұйымында профессор-оқытушылар құрамына қатысты кадрлық саясат институционалдық деңгейде қалыптасқан және ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі. Кадрлық саясаттың негізгі қағидаттары ашықтық пен объективтілікке негізделген, сондай-ақ университеттің ресми ақпараттық ресурстарында қолжетімді.

Профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру, оның ішінде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, лауазымдарға конкурстық орналастыру, аттестаттау, оқу жүктемесін бөлу және қызмет нәтижелерін бағалау рәсімдері тиісті ережелермен бекітілген. Аталған рәсімдер 2021

жылғы 24 желтоқсандағы №11 хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл кадрлық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

«6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамының сапалық және сандық құрамы бағдарламаның бейініне сәйкес келеді. Қазіргі таңда бағдарламада 1 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 3 PhD доктор, сондай-ақ ағылшын тілінде сабақ жүргізетін сертификатталған оқытушылар мен практик-мамандар қызмет атқарады. (<https://docs.google.com/document/d/13dZQRRmPWjIDdwp25EJSUH1n-7P4n7MZ/edit?usp=sharing&ouid=109673026022208771248&rtpof=true&sd=true>)

Кафедраның кадрлық әлеуеті ғылыми-зерттеу қызметімен де сипатталады. Атап айтқанда, 3 оқытушы ғылыми жобаларды жүзеге асырып, олардың жалпы қаржыландыру көлемі 31 066 014 теңгені құрайды. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жарияланымдарының жалпы саны – 31, оның ішінде Scopus және Clarivate Analytics дерекқорларында индекстелген мақалалар бар.

Профессор-оқытушылар құрамын іріктеу барысында пән мазмұнына сәйкестігі, ғылыми мамандануы, жарияланымдық белсенділігі және практикалық тәжірибесі ескеріледі. Білім беру бағдарламасы аясында практик-мамандарды тарту жүйелі түрде жүзеге асырылады. Мысалы, оқу процесіне спорт журналистикасы саласының өкілдері – Е. Мәулен, Т. Батырхан, Ғ. Мелдеш, Г. Какимжанова, Г. Есімова және басқа да мамандар қатысады. Сонымен қатар, «Хабар» агенттігімен бірлескен шеберлік сабақтары өткізіледі.

Университетте профессор-оқытушылар құрамының қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылған. Қызметкерлер үшін заманауи материалдық-техникалық базаға, оқу аудиторияларына, цифрлық білім беру платформаларына қолжетімділік қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, оқытушыларға академиялық еркіндік беріліп, оқу пәндерінің мазмұнын әзірлеу және оқыту әдістерін таңдау мүмкіндігі ұсынылады.

Профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуы мен мансаптық өсуі жүйелі түрде қамтамасыз етіледі. Академиялық мансаптық ілгерілеу «оқытушы – аға оқытушы – қауымдастырылған профессор – профессор» лауазымдық сатылары бойынша жүзеге асырылады. 2025–2026 жылдары кафедрада Г.Ш. Әшірбекова қауымдастырылған профессор лауазымына, ал PhD А.Ж. Саурбаева және PhD Г.С. Амангелдиева доцент міндетін атқарушы лауазымына тағайындалған.

Профессор-оқытушылар құрамының қызметін бағалау KPI жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Оқытушылардың ғылыми, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметі жыл сайын мониторингтен өткізіліп, нәтижелері бойынша қорытынды есептер жасалады. 2025 оқу жылының қорытындысы бойынша кафедра оқытушыларының KPI көрсеткіштері белгіленген талаптарға сәйкес орындалған.

Кәсіби даму мақсатында университетте біліктілікті арттырудың кешенді жүйесі қалыптасқан. Оқытушылар тренингтерге, семинарларға, онлайн курстарға және халықаралық тағылымдамаларға қатысады. Мысалы, кафедра оқытушылары Бельгия, Түркия және Өзбекстан елдерінде ғылыми тағылымдамалардан өткен.

Профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру мақсатында ғылыми жарияланымдар, инновациялық оқыту әдістерін енгізу және ғылыми жобаларға қатысу бойынша материалдық және моральдық көтермелеу шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, оқытушылар мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болған.

Білім беру бағдарламасы аясында студентке бағдарланған оқыту қағидаттары енгізілген. Оқыту процесінде портфолио, жобалық жұмыстар, аналитикалық есептер, презентациялар және өзара бағалау (peer-review) сияқты заманауи әдістер қолданылады. Элективті пәндер мен

жобалық модульдер арқылы білім алушыларға жеке оқу траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі беріледі.

Профессор-оқытушылар құрамы университеттің стратегиялық даму жоспарларын іске асыруға белсенді қатысады. Оқытушылар оқу бағдарламаларын жаңарту, ғылыми зерттеулер жүргізу, академиялық комитеттер мен әдістемелік кеңестер жұмысына қатысу арқылы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосады.

Сонымен қатар, университетте академиялық ұтқырлықты дамыту және шетелдік оқытушыларды тарту бағытында тиісті нормативтік негіз қалыптасқан. Оқытушылар мен зерттеушілердің академиялық алмасуы, шетелдік мамандарды дәрістер мен семинарларға тарту тәжірибесі қарастырылған.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, білім беру ұйымында профессор-оқытушылар құрамына қатысты кадрлық саясат институционалдық деңгейде қалыптасқан және оның негізгі қағидаттары ашықтық, объективтілік және меритократия принциптеріне негізделген. Кадрлық процестердің (жұмысқа қабылдау, аттестаттау, оқу жүктемесін бөлу, қызмет нәтижелерін бағалау) нормативтік құжаттармен реттелуі шешім қабылдау рәсімдерінің жүйелілігін және айқындылығын қамтамасыз етеді .

Профессор-оқытушылар құрамының сапалық көрсеткіштері білім беру бағдарламасының бейініне жалпы сәйкес келеді. Атап айтқанда, «БВ03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасында 1 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты және 3 PhD доктордың болуы, сондай-ақ ағылшын тілінде сабақ жүргізетін оқытушылардың тартылуы бағдарламаның ғылыми-академиялық әлеуетінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, практик-мамандардың (Е. Мәулен, Т. Батырхан және т.б.) оқу процесіне қатысуы білім беру бағдарламасының қолданбалы бағыттылығын күшейтеді .

ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметі де жүйелі түрде дамып келеді. 3 оқытушының ғылыми жобаларға қатысуы және жалпы гранттық қаржыландыру жобаларын іске асыруы ғылыми әлеуеттің қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Scopus және Clarivate Analytics базаларында индекстелген 31 жарияланымның болуы ғылыми нәтижеліліктің оң динамикасын дәлелдейді.

<https://drive.google.com/drive/folders/1C6JNb8s-hShVrPntRQUDACnGDOnt60?usp=sharing> Алайда, ғылыми жобаларға қатысатын оқытушылар санының шектеулі болуы ғылыми қызметті кеңейту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ профессор-оқытушылар біліктілік арттыру курстарынан оқу пәндері және қазіргі медиатрендтерге қатысты курстарды оқыған.

<https://drive.google.com/drive/folders/1opE2MdqjOxq8AVIq3qoeDwbFMwvhjrPW?usp=sharing> Университетте профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуы мен мансаптық өсуіне жағдай жасалған. Академиялық мансаптың кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы және нақты мысалдар (Г.Ш. Әшірбекованың қауымдастырылған профессор лауазымына өтуі, А.Ж. Саурбаева мен Г.С. Амангелдиеваның доцент міндетін атқарушы болуы) кадрлық өсудің жүйелі түрде іске асырылатынын дәлелдейді . Сонымен қатар, халықаралық тағылымдамалар (Бельгия, Түркия, Өзбекстан) оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

ПОҚ қызметін бағалау КРІ жүйесі арқылы жүзеге асырылып, бұл оқытушылардың оқу-әдістемелік, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. КРІ көрсеткіштерінің орындалуы оқытушылардың нәтижелілігін арттыруға бағытталған тиімді басқару құралы ретінде көрінеді.

Студентке бағдарланған оқыту моделіне көшу жағдайында оқытушы рөлінің трансформациясы байқалады. Оқыту процесінде жобалық жұмыстар, портфолио, презентациялар, peer-review сияқты заманауи бағалау әдістерінің қолданылуы

оқытушылардың фасилитатор және оқу процесін ұйымдастырушы ретіндегі рөлін күшейтеді. Сонымен қатар, элективті пәндер арқылы білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Профессор-оқытушылар құрамының университеттің стратегиялық даму жоспарларын іске асырудағы үлесі айқын көрінеді. Оқытушылар білім беру бағдарламаларын жаңарту, ғылыми зерттеулер жүргізу және академиялық басқару құрылымдарына қатысу арқылы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға тартылған. Бұл олардың институционалдық деңгейдегі шешім қабылдау процесіне қатысуын көрсетеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру жүйесі қалыптасқан. Ғылыми жарияланымдар, инновациялық оқыту әдістерін енгізу және ғылыми жобаларға қатысу үшін материалдық және моральдық көтермелеу шаралары қарастырылған. ПОҚ-тың мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болуы олардың кәсіби деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

Академиялық ұтқырлық және халықаралық ынтымақтастық бағытында белгілі бір жұмыстар жүргізілуде, алайда бұл бағыттың әлеуеті толық пайдаланылмаған. Шетелдік оқытушыларды тарту және халықаралық академиялық алмасуларды кеңейту қажеттілігі байқалады.

Жалпы алғанда, профессор-оқытушылар құрамының кадрлық әлеуеті білім беру бағдарламасының мазмұны мен мақсаттарына сәйкес келеді және университеттің стратегиялық даму бағыттарын іске асыруға жеткілікті деңгейде қатысады. Кадрлық саясаттың ашықтығы, кәсіби даму мүмкіндіктерінің болуы және ынталандыру жүйесінің қалыптасуы – білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторлары.

***Күшті жақтары / үздік тәжірибе:** анықталған жоқ.*

«6B03206-Спорт журналистикасы» ББ бойынша ұсыныс: Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін көтеру жолдары қарастырылсын. Мерзімі: 1.09.2027 жыл.

ССК қорытындысы:

«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 10 критерий қанағаттанарлық деп бағаланады.

Стандарт 6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»

✓ Білім беру ұйымы (ББҰ) білім беру бағдарламасының (БББ) мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің жеткілікті деңгейде екенін кепілдендіруі тиіс.

✓ ББҰ білім беру бағдарламалары бөлінісінде әртүрлі білім алушылар топтарының (ересектер, жұмыс істейтін білім алушылар, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар) қажеттіліктерін ескере отырып, материалдық-техникалық ресурстар мен инфрақұрылымның жеткіліктілігін көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы әртүрлі білім алушылар топтарын қолдауға арналған рәсімдердің бар екенін, оның ішінде ақпараттандыру және кеңес беру жүйесінің ұйымдастырылғанын көрсетуі қажет.

✓ БББ басшылығы ақпараттық ресурстардың білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс, оның ішінде:

– білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына технологиялық қолдау

(онлайн оқыту, модельдеу, деректер базалары, деректерді талдау бағдарламалары және т.б.);

- кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндер бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры (қағаз және электрондық тасымалдағыштарда), мерзімді басылымдар, ғылыми деректер базаларына қолжетімділік;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін, бітіру жұмыстарын және диссертацияларды плагиатқа тексеру жүйесі;
- білім беру мақсатындағы интернет-ресурстарға қолжетімділік;
- білім беру ұйымы аумағында WI-FI желісінің тұрақты жұмыс істеуі.

✓ ББҰ білім беру бағдарламаларын оқу жабдықтарымен және тиісті экономика салаларында қолданылатын бағдарламалық құралдарға ұқсас құралдармен қамтамасыз етуді жоспарлау жүйесінің бар екенін көрсетуі тиіс.

ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Білім беру ұйымында білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті оқу ресурстары мен студенттерді қолдау қызметтері жеткілікті деңгейде қалыптастырылған. Университеттің материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға, өрт қауіпсіздігі қағидаларына және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келеді.

Университет инфрақұрылымы білім алушылардың академиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім алушыларға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін Денсаулық орталығы және студенттердің азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған Жастар саясаты орталығы қызмет етеді.

«Медиакоммуникация және қоғаммен байланыс» кафедрасы орналасқан №4 оқу корпусының жалпы ауданы 4491 ш.м., оның ішінде пайдалы ауданы – 3195 ш.м., аудиториялық қор – 2878 ш.м., ал отыратын орын саны – 458. Бұл көрсеткіштер оқу процесін ұйымдастыруға қажетті аудиториялық қордың жеткілікті екенін көрсетеді.

«6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы оқу аудиторияларымен, зертханалармен және студиялық базамен қамтамасыз етілген. Оқу процесінде 2 телестудия (114 және 115 аудиториялар), 1 радиостудия, 1 зертхана, 13 компьютермен жабдықталған компьютерлік сынып, сондай-ақ 6 мамандандырылған аудитория қолданылады. Олардың қатарында «Қазақстан» РТРК АҚ аудиториясы, «Хабар» агенттігінің аудиториясы, С.Бердіқұлов атындағы спорт журналистикасы аудиториясы және Сұлтан Оразалы атындағы зал бар.

Студиялық сабақтар кәсіби цифрлық жабдықтармен жабдықталған телестудияларда өткізіледі. Материалдық база құрамына төрт камералы тележүйе, жарықтандыру кешені, бейнекамералар, микрофондар, хромакей технологиясы, монтаж үстелі және режиссерлік пульт кіреді. Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылында подкаст жазуға арналған студия ашылған.

Кітапханалық ресурстар білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес қалыптастырылған. Ғылыми кітапхананың жалпы қоры 1 383 699 дананы құрайды, оның ішінде оқу әдебиеттері – 879 404 дана (63,5%), ғылыми әдебиеттер – 335 093 дана (24,2%). Қазақ тіліндегі әдебиеттер саны – 542 478 дана (39,2%).

Электрондық ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етілген: электрондық каталогта 227 181 библиографиялық жазба және 84 090 толықмәтінді құжат бар. Сонымен қатар, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына 25 халықаралық ғылыми деректер базасына (Scopus, Web of Science, ScienceDirect, Springer, IEEE Xplore және т.б.) қолжетімділік ұсынылған.

«6В03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша кітаппен қамтамасыз ету көрсеткіші жеткілікті: жалпы 16 936 дана оқу және ғылыми басылымдар қолжетімді, оның ішінде 13 500 баспа және 522 электрондық ресурс бар.

Оқу процесін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету Platonus автоматтандырылған жүйесі, Smart ENU цифрлық платформасы, MOOC ENU, MS Teams және электрондық кітапхана жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Университеттің барлық оқу корпустары Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген және білім алушылар мен оқытушыларға еркін қолжетімділік ұсынылған.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың жазбаша жұмыстары «Антиплагиат.ВУЗ» жүйесі арқылы тексеріледі.

Білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау жүйесі институционалдық деңгейде қалыптасқан. Университет ересек, жұмыс істейтін, шетелдік және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін арнайы жағдайлар жасайды. 2024 жылы «Inclusion hub» коворкинг орталығы ашылып, ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін бейімделген орта (пандустар, арнайы жұмыс орындары) қамтамасыз етілген.

Көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін арнайы техникалық құралдар (экран үлкейткіш бағдарламалар, дыбыстық жүйелер, Брайль дисплейлері) қолжетімді. Сонымен қатар, әлеуметтік осал санаттағы студенттерге оқу ақысына жеңілдіктер, жатақхана және материалдық қолдау көрсетіледі.

Шетелдік білім алушыларды қолдау мақсатында «WELCOME TO ENU» бағдарламасы іске асырылады. Шетелдік студенттерге визалық қолдау, жатақханаға орналастыру, құқықтық және академиялық кеңес беру қызметтері ұсынылады. Сонымен қатар, «Күлтегін» және «Гумилев» шәкіртақылары арқылы қаржылық қолдау қарастырылған.

Университет оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдарды жаңарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Мысалы, телестудия толық жаңартылып, жалпы құны 45 млн теңгені құрайтын кәсіби бейнекамералар, монтаж компьютерлері және TriCaster жүйесі сатып алынған.

Оқу ресурстарын дамыту және жаңарту кафедралар мен профессор-оқытушылар құрамының ұсыныстары негізінде жоспарлы түрде жүзеге асырылады және университеттің стратегиялық даму құжаттарымен үйлестірілген.

Осылайша, білім беру бағдарламасы бойынша оқу ресурстары, материалдық-техникалық база және студенттерді қолдау жүйелері білім беру мақсаттарына қол жеткізуге қажетті деңгейде қамтамасыз етілген.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген талдау білім беру ұйымында білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстар мен студенттерді қолдау жүйелерінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Университеттің инфрақұрылымы білім алушылардың академиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін кешенді түрде қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

Материалдық-техникалық база білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес келеді және практикалық бағыттылықты қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, «6В03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша 2 телестудия, 1 радиостудия, мамандандырылған аудиториялар мен зертханалардың болуы білім алушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Төрт камералы тележүйе, жарықтандыру кешені, хромакей технологиясы және режиссерлік пульспен жабдықталған студиялық база оқу процесінің өндірістік ортаға жақындатылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, 2025–2026 оқу

жылында подкаст студиясының ашылуы материалдық базаның жаңартылып отырғанын дәлелдейді.

Кітапханалық және ақпараттық ресурстардың жеткіліктілігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Ғылыми кітапхананың 1,38 млн данадан асатын қоры, 227 мыңнан астам библиографиялық жазбаны қамтитын электрондық каталог және 25 халықаралық ғылыми деректер базасына қолжетімділік білім алушылар мен оқытушылардың оқу және ғылыми қызметін толық қолдайды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасы бойынша 16 936 дана оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы кітаппен қамтамасыз ету көрсеткішінің жеткілікті екенін көрсетеді.

Ақпараттық-білім беру ортасы цифрлық платформалар арқылы тиімді ұйымдастырылған. Platonus, Smart ENU, MOOC ENU, MS Teams жүйелерінің қолданылуы оқу процесін автоматтандыруға және икемді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Барлық оқу корпустарының Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілуі және білім алушылардың жеке кабинеттер арқылы ресурстарға қол жеткізуі цифрлық инфрақұрылымның дамығанын көрсетеді.

Білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау жүйесі де жүйелі түрде ұйымдастырылған. Университет инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асырып, 2024 жылы «Inclusion hub» орталығын іске қосқан. Бұл орталықтың бейімделген инфрақұрылымы (пандустар, арнайы жұмыс орындары) ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің оқу процесіне толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, арнайы бағдарламалық құралдар мен техникалық жабдықтардың (Брайль дисплейі, экран үлкейткіш бағдарламалар) қолжетімділігі инклюзивті ортаның нақты қалыптасқанын көрсетеді.

Шетелдік білім алушыларды қолдау жүйесі де институционалдық деңгейде жүзеге асырылады. «WELCOME TO ENU» бағдарламасы, визалық және академиялық сүйемелдеу, сондай-ақ «Күлтегін» және «Гумилев» шәкіртақылары халықаралық білім алушыларды тарту мен қолдаудың тиімді құралдары ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау тетіктері (оқу ақысына жеңілдіктер, жатақхана, материалдық көмек) және студенттік ұйымдардың белсенді қызметі білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жүйесі де қалыптасқан: білім алушылардың жазбаша жұмыстары плагиат жүйесі арқылы тексеріледі, бұл білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Университет оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдарды жаңарту және дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді. Телестудия жабдықтарының 45 млн теңгеге жаңартылуы оқу процесін нақты өндірістік ортаға жақындатуға бағытталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, оқу ресурстарын жоспарлау кафедралар мен профессор-оқытушылар құрамының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады, бұл олардың өзектілігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау жүйелері білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді және оның тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді. Материалдық-техникалық база, кітапханалық қор, цифрлық инфрақұрылым және әлеуметтік қолдау тетіктері жеткілікті деңгейде дамыған.

Сонымен қатар, сараптамалық тұрғыдан ақпараттық технологияларды (жасанды интеллект, цифрлық аналитика) кеңінен енгізу, халықаралық білім беру ресурстарын пайдалануды арттыру және білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту бағытында жұмыстарды одан әрі жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе:

1. Білім беру бағдарламасының басшылығы материалдық-техникалық базаны жоғары деңгейде қамтамасыз еткен. Бұл білім беру бағдарламасын толыққанды іске асыру мүмкіндік береді.

«6B03206-Спорт журналистикасы» ББ бойынша ұсыныс: Спорт журналистерінің кәсіби және шығармашылық құзыреттерін дамыту мақсатында NewsRoom, виртуалды редакция ашу жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

ССК қорытындысы:

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 1 күшті, 8 критерий қанағаттанарлық деп бағаланады.

Стандарт 6.9 «Қоғамды ақпараттандыру»

✓ Білім беру ұйымы (ББҰ) білім беру бағдарламасы және оның ерекшелігі туралы шынайы, объективті және өзекті ақпаратты жариялауы тиіс. Бұл ақпарат келесі мәліметтерді қамтуы қажет:

–жүзеге асырылып отырған білім беру бағдарламасының күтілетін оқу нәтижелері;
–білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік және (немесе) біліктіліктер;
–оқыту, оқу тәсілдері, сондай-ақ бағалау жүйесі (рәсімдері, әдістері мен нысандары);
–өту балдары және білім алушыларға ұсынылатын оқу мүмкіндіктері туралы мәліметтер;

–түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпарат.

✓ БББ басшылығы ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін қарастыруы тиіс, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық желілер арқылы кең аудиторияны және мүдделі тараптарды ақпараттандыру қамтамасыз етілуі қажет.

✓ Қоғамды ақпараттандыру елдің ұлттық даму бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін түсіндіру мен қолдауды қамтуы тиіс.

✓ ББҰ өзінің веб-ресурсында жалпы қызметін және білім беру бағдарламалары бөлінісіндегі сипаттамалық ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

✓ Білім беру бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамы туралы толық, объективті және жеткілікті ақпараттың болуы маңызды фактор болып табылады.

✓ Білім беру бағдарламасы шеңберінде серіктестермен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы қоғамды ақпараттандыру маңызды фактор саналады.

ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Білім беру бағдарламасының басшылығы өз қызметін ашықтық, айқындық, мүдделі тараптардың қатысуы және ақпараттандырылуы қағидаттары негізінде жүзеге асырады. Білім беру бағдарламасының мазмұны, пәндер каталогы, сараптамалық қорытындылар және бағдарламаны жаңарту тарихы университеттің ресми веб-ресурсында жүйелі түрде жарияланған (<https://fjps.enu.kz/kz/page/department-of-tv-radio-and-public-relations/education-programs/bachelors>).

Білім беру ұйымы жарияланатын ақпараттың шынайылығын, объективтілігін және өзектілігін қамтамасыз етеді. Университеттің ресми сайтында оның миссиясы, стратегиясы,

әкімшілік құрылымы, білім беру бағдарламалары, академиялық саясат, қабылдау ережелері, профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық және басқа да негізгі бағыттар бойынша толық әрі жүйеленген ақпарат ұсынылған (<https://enu.kz/ru/>). Сонымен қатар, университеттің халықаралық рейтингтердегі (QS World University Rankings, Times Higher Education) позициялары туралы мәліметтер де жарияланып отырады.

Жұртшылықты ақпараттандыру жүйесі кешенді сипатқа ие және әртүрлі коммуникациялық арналар арқылы жүзеге асырылады. Университет ақпаратты ресми веб-сайт, әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, YouTube), бұқаралық ақпарат құралдары, ашық есік күндері, брифингтер, конференциялар және есеп беру кездесулері арқылы таратады. Бұл ақпараттық саясат мүдделі тараптардың (білім алушылар, ата-аналар, жұмыс берушілер, серіктестер) қажеттіліктерін ескеруге бағытталған.

Медиакоммуникация және қоғаммен байланыс кафедрасы да ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Кафедраның ресми парақшасында білім беру бағдарламаларының мазмұны, күтілетін оқу нәтижелері, берілетін біліктіліктер, оқу мүмкіндіктері, практика базалары және түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат орналастырылған (<https://fjps.enu.kz/kz/page/department-of-tv-radio-and-public-relations>).

Ақпараттық ресурстарды таратуда заманауи цифрлық платформалар белсенді қолданылады. Атап айтқанда, кафедраның бастамасымен «Reporter TV» YouTube арнасы, «Сұңқар» радиожобасы, сондай-ақ Instagram және Facebook желілеріндегі ресми парақшалар жұмыс істейді. Бұл ресурстар арқылы білім беру бағдарламасының жаңалықтары, оқу процесі, студенттік жетістіктер және ғылыми іс-шаралар туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланып отырады.

Университеттің ақпараттық саясатын іске асыруда «Маркетинг және түлектермен байланыс бөлімі» маңызды рөл атқарады. Бұл құрылым университеттің имиджін қалыптастыруға, талапкерлерді тартуға және түлектермен байланысты нығайтуға бағытталған стратегиялық коммуникациялық қызметті жүзеге асырады.

Ақпараттық қолдау жүйесі цифрлық білім беру платформаларымен интеграцияланған. Platonus автоматтандырылған жүйесі, Smart ENU платформасы, Microsoft Teams және корпоративтік Outlook поштасы оқу және басқару процестерінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл жүйелер арқылы оқу материалдары, бағалау нәтижелері, оқу жоспарлары және басқа да академиялық ақпарат білім алушыларға қолжетімді.

Білім беру бағдарламалары туралы ақпарат веб-ресурстарда жүйелі түрде ұсынылады. «6B03206 – Спорт журналистикасы» бағдарламасы бойынша мақсаттар, күтілетін оқу нәтижелері, бағалау жүйесі, оқу мүмкіндіктері және академиялық ұтқырлық туралы мәліметтер ресми сайтта ашық жарияланған. Бағалау жүйесі (балдық-рейтингтік жүйе, аралық және қорытынды бақылау, дипломдық жұмыс) академиялық саясатта және пән сессияларында нақты көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы аясында серіктестермен ынтымақтастық туралы ақпарат та жарияланады. Кафедра медиа саласындағы жетекші ұйымдармен келісімшарттар негізінде жұмыс істейді, ал практик-мамандар оқу процесіне тұрақты түрде тартылады. Мысалы, танымал тележүргізуші Дана Нұржігіт, «24KZ» арнасының өкілдері және басқа да медиа мамандар қонақ дәрістер мен шеберлік сабақтарын өткізеді.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламасының бәсекеге қабілеттілігі мен сапасы рейтингтік көрсеткіштер арқылы расталады. Атап айтқанда, «6B03214 – Қоғаммен байланыс» білім беру бағдарламасы 12 жоғары оқу орны ішінде 2-орынды иеленген. Университет халықаралық рейтингтерде де жоғары позицияларға ие.

Профессор-оқытушылар құрамы туралы ақпарат университеттің ресми сайтында ашық жарияланған. Әрбір оқытушының кәсіби профилі, ғылыми жетістіктері, жарияланымдары және оқытатын пәндері туралы мәліметтер еркін қолжетімді және тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Сыртқы бағалау нәтижелері де ашық түрде жарияланады. Университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позициялары, аккредитация нәтижелері және сыртқы бағалау қорытындылары ресми сайтта орналастырылған. Мысалы, 2020 жылы университет IAAR рейтингі бойынша жетекші орын алған, ал 2025 жылы әлемдік рейтингте 317-орынға ие болған.

Осылайша, білім беру ұйымы қоғамды ақпараттандыру бойынша жүйелі, ашық және көпарналы саясатты жүзеге асырады, бұл білім беру бағдарламасының айқындығын, қолжетімділігін және мүдделі тараптардың хабардарлығын қамтамасыз етеді.

САРАПТАМА БӨЛІМІ

Жүргізілген талдау білім беру ұйымында қоғамды ақпараттандыру жүйесінің институционалдық деңгейде қалыптасқанын және оның ашықтық, қолжетімділік және көпарналық қағидаттарға негізделгенін көрсетеді. Университет білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты жүйелі түрде ресми веб-ресурс, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратады, бұл мүдделі тараптардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы бойынша жарияланатын ақпараттың мазмұны талаптарға сәйкес келеді және оның негізгі компоненттерін қамтиды. Атап айтқанда, «6B03206 – Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша веб-ресурста оқу нәтижелері, берілетін біліктілік, оқыту және бағалау әдістері, оқу мүмкіндіктері және түлектердің жұмысқа орналасу перспективалары туралы мәліметтер ұсынылған. Бұл білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымы туралы толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақпаратты тарату арналарының әртүрлілігі университеттің коммуникациялық саясатының тиімділігін көрсетеді. Университет ресми сайттан бөлек Instagram, Facebook, YouTube сияқты цифрлық платформаларды белсенді қолданады. Мысалы, «Reporter TV» YouTube арнасы мен «Сұңқар» радиожобасы білім беру бағдарламасының тәжірибелік және шығармашылық қызметін көрсетуге бағытталған. Бұл ресурстар білім алушылардың кәсіби жетістіктерін жариялау және университеттің имиджін қалыптастыру құралы ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар, қоғамды ақпараттандыру ұлттық білім беру саясатын түсіндіру және қолдау бағытында да жүзеге асырылады. Университеттің ресми ақпараттық ресурстарында жоғары білім беру жүйесіндегі реформалар, академиялық саясат және ұлттық даму бағдарламалары туралы ақпараттар жарияланып отырады, бұл білім беру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Профессор-оқытушылар құрамы туралы ақпараттың ашықтығы да қамтамасыз етілген. Университет сайтында әрбір оқытушының ғылыми дәрежесі, жарияланымдары, оқытатын пәндері туралы мәліметтер қолжетімді. Бұл білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды индикаторы ретінде қарастырылады.

Серіктестермен ынтымақтастық туралы ақпараттың жариялануы білім беру бағдарламасының практикалық бағыттылығын көрсетеді. Мысалы, медиа саласының жетекші өкілдерінің (Дана Нұржігіт, «24KZ» телеарнасының мамандары) оқу процесіне қатысуы туралы ақпараттың ашық берілуі білім беру бағдарламасының еңбек нарығымен байланысын айқындайды.

Сонымен қатар, білім беру ұйымының рейтингтік көрсеткіштері мен сыртқы бағалау нәтижелері туралы ақпараттың жариялануы оның беделін және бәсекеге қабілеттілігін

көрсетеді. Университеттің халықаралық рейтингтердегі позициялары және ұлттық рейтингтердегі жетістіктері қоғам үшін ашық ұсынылған.

Дегенмен, жүргізілген талдау ақпараттық мазмұнның сапасын арттыру қажеттілігін де көрсетеді. Атап айтқанда, білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, мансаптық траекториялары және жұмыс берушілердің пікірлері туралы жүйеленген ақпаратты кеңейту қажеттілігі байқалады. Сонымен қатар, ақпараттың ағылшын тіліндегі нұсқасының толықтығын арттыру халықаралық аудитория үшін маңызды фактор болып табылады.

Жалпы алғанда, білім беру ұйымында қоғамды ақпараттандыру жүйесі жеткілікті деңгейде дамыған, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Ақпаратты тарату арналарының әртүрлілігі және цифрлық платформаларды тиімді пайдалану білім беру бағдарламасының танымалдылығын арттыруға ықпал етеді.

***Күшті жақтары/үздік тәжірибе:** анықталған жоқ.*

«6B03206-Спорт журналистикасы» ББ бойынша ұсыныс: жоқ.

ССК қорытындысы:

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша «6B03206-Спорт журналистикасы» ББ 10 критерий қанағаттанарлық деп бағаланады.

(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРДЫҢ / ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ШОЛУЫ

Стандарт 6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік» бойынша:

- Университетте ақпаратты басқару және есептілік жүйесі жоғары деңгейде қалыптасқан, цифрландыру, деректерге негізделген басқару, stakeholder-лерді тарту және сапаны қамтамасыз ету механизмдері жүйелі түрде жұмыс істейді.

Стандарт 6.6 «Білім алушылар»

- Практика базасы жоғары деңгейде, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары.

Стандарт 6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»

- Білім беру бағдарламасының басшылығы материалдық-техникалық базаны жоғары деңгейде қамтамасыз еткен. Бұл білім беру бағдарламасын толыққанды іске асыру мүмкіндік береді.

(VIII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСARTУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ШОЛУЫ

Стандарт 6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша:

- Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме мердігерлер мен серіктестер жүзеге асыратын барлық іс-шараларға (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты енгізу қажет.

- Тәуекелдерді басқару жүйесі жалпы деңгейде қалыптасқанымен, оларды сандық көрсеткіштер арқылы бағалау тетіктерін жетілдіру ұсынылады.

Стандарт 6.5 «Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша:

- Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы іске асырылуын қамтамасыз етілуі ұсынылады.

Стандарт 6.7 «Профессор-оқытушылар құрамы стандарты бойынша»:

- Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін көтеру жолдары қарастырылу қажет.

Стандарт 6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша:

- Спорт журналистерінің кәсіби және шығармашылық құзыреттерін дамыту мақсатында NewsRoom, виртуалды редакция ашу жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

(IX) АККРЕДИТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҰСЫНЫСТАР

Ұсынылған материалдарды, талдау нәтижелерін және аккредиттеу сапары барысында алынған деректерді қарап шыққаннан кейін, сыртқы сараптама комитеті Аккредиттеу кеңесіне «6B03206-Спорт журналистикасы» білім беру бағдарламасын **5 жыл** мерзімге аккредиттеуді ұсынды.

ББ үшін өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның қорытындысы

р/с	р/с	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының ұстанымы			
			Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды қамтиды	Қанағаттанарлықсыз
Стандарт 6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару»						
1.	1	1.2.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында жарияланған сапаны қамтамасыз ету саясат болуға тиіс. Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі тиіс		+		
2.	2	1.2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын, оның ішінде ББ қатысты көрсетуі тиіс		+		
3.	3	1.2.3 Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезіндегіні қоса алғанда, мердігерлер мен серіктестер орындайтын (аутсорсинг) кез келген қызмтке жатқызылуы тиіс			+	
4.	4	1.2.4 ББ басшылығы ББ-нің жұмыс істеуін талдау, БҰ-ның нақты жайғасымы және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде оның даму жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етуге дайын екендігін көрсетеді. Жоспарда білім беру бағдарламасын іске асыруды бастау мерзімі көрсетілуі тиіс.		+		
5.	5	1.2.5 ББ басшылығы ББ-ны дамыту жоспарын қалыптастыру және үнемі қайта қарау және іске асыру мониторингі, оқу мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі, ББ-ны үнемі жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің бар екенін көрсетеді.		+		

6.	6	1.2.6 ББ басшылығы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамын тартуы керек		+		
7.	7	1.2.7 ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық басымдықтармен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту стратегиясымен сәйкестігін көрсетуі керек.		+		
8.	8	1.2.8 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, пресоналдың лауазымдық міндеттерін бір мәнді бқлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс		+		
9.	9	1.2.9 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығына дәлелдер ұсынуы керек		+		
10.	10	1.2.10 ББ басшылығы ББ сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің болуын, оның ішінде оны жобалауды, басқаруды және бақылауды, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешім қабылдауды көрсетуі керек		+		
11.	11	1.2.11 ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды, оның ішінде бастапқы аккредиттеуден өтетін ББ шеңберінде жүзеге асыруға, сондай-ақ тәуекел дәрежесін азайтуға бағытталған шаралар жүйесін көрсетуге тиіс			+	
12.	12	1.2.12 ББ басшылығы жұмыс берушілер өкілдерінің, ПАҚ, білім алушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
13.	13	1.2.13 БҰ ББ шеңберінде инновацияларды басқарулы, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс.		+		
14.	14	1.2.14 ББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашық әрі қолжетімді болуға дайында екендігінің дәлелдерін көрсетуі керек		+		
15.	15	1.2.5 ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өтуі керек		+		

		Стандарт бойынша жиыны	0	13	2	
Стандарт 6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік»						
16.	1	2.2.1 БҰ қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің болуын және ББ контекстінде ақпаратты жинау және талдау үшін әртүрлі әдістерді пайдаланатынын көрсетуі тиіс	+			
17.	2	2.2.2 ББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалану тетігін көрсетуі тиіс		+		
18.	3	2.2.3 ББ басшылығы фактілер негізінде шешім қабылдауды көрсетуі керек		+		
19.	4	2.2.4 ББ басшылығы бөлімшелер мен кафедралар қызметінің, ғылыми зерттеулердің нәтижелігі мен тиімділігін бағалауды қамтитын құрылымның барлық деңгейлерін көрсететін тұрақты есеп беру жүйесін қарастыруы керек		+		
20.	5	2.2.5 БҰ ББ басқаруды алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін, ғылыми жобаларды іске асырудың кезеңділігін, нысандарын және бағалау әдістерін белгілеуге тиіс		+		
	6	2.2.6 БҰ ақпараттың тәртібі мен қорғалуын қамтамасыз етуді айқындауды, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақытылығына жауапты адамдарды белгілеуді көрсетуі тиіс		+		
	7	2.2.7 Білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тарту түлектерінің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
	8	2.2.8 ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация тетігінің, оның ішінде қақтығыстарды шешу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс		+		
	9	2.2.9 БҰ ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктеріне қанағаттану дәрежесін өлшеу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс		+		
	10	2.2.10 БҰ ББ қатыстыны қоса алғанда, қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігіне бағалау жүргізуді көздеуі тиіс		+		
		ББ шеңберінде жинауға және талдауға болжанатын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:				

26.	11	2.2.11 Тиімділіктің түйінді көрсеткіштері		+		
27.	12	2.2.12 Нысандар мен түрлерге қатысты білім алушылар контингентінің серпіні;		+		
28.	13	2.2.13 Студенттердің үлгерімі, жетістіктері мен оқудан шығуы		+		
29.	14	2.2.14 Білім алушылардың ББ-ны іске асыруға және ЖОО-да оқу сапасына қанағаттануы;		+		
30.	15	2.2.15 Білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі		+		
31.	16	2.2.16 БҰ білім алушылардың, қызметкерлер мен ПОҚ-тың дербес деректерін олардың құжаттық келісімі негізінде өңдеу рәсімдерінің іске асырылуы		+		
		Стандарт бойынша жиыны	1	15		
Стандарт 6.3 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»						
32.	1	3.2.1 БҰ ББ әзірлеу рәсімдерін және оны институционалдық деңгейде бекітуді айқындауы және құжаттауы тиіс		+		
33.	2	3.2.2 ББ басшылығы оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғанда, әзірленген ББ-ның белгіленген мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі керек		+		
34.	3	3.2.3 ББ басшылығы оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын ББ түлегінің әзірленген моделінің болуын қамтамасыз етуі керек		+		
35.	4	3.2.4 ББ басшылығы ББ мазмұнына сыртқы сараптама жүргізуді және оның іске асырудың жоспарланған нәтижелерін көрсетуі керек		+		
36.	5	3.2.5 ББ аяқталғанан кейін берілген біліктілік нақты анықталуы және ҰҚК-нің белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі керек		+		
37.	6	3.2.6 ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практиканың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы керек		+		
38.	7	3.2.7 Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады		+		
39.	8	3.2.8 ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс		+		
40.	9	3.2.9 ББ еңбекті қажет етуі қазақстандық кредиттері мен ECTS-те нақты анықталуы тиіс		+		
41.	10	3.2.10 ББ басшылығы оқу пәндерін мазмұны мен оқыту нәтижелерінің оқу деңгейіне		+		

		(бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі керек				
42.	11	3.2.11 ББ құрылымында білім алушылардың жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін әртүрлі қызмет түрлерін көздеу қажет		+		
43.	12	3.2.12 ББ мазмұны мен оқыту нәтижелерінің ЕЖБК-да жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын бағдарламалардың мазмұны мен нәтижелеріне сәйкестігі маңызды фактор болып табылады		+		
		Стандарт бойынша жиыны		12		
Стандарт 6.4 «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау»						
44.	1	4.2.1 БҰ мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне жауап беру үшін ББ-ны мониторингтеу және мерзімді бағалау тетіктерін айқындауы тиіс. Бұл процестердің нәтижелері ББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталуы керек		+		
		4.2.2 ББ мониторингі және мерзімді бағалау мыналарды көздеуі тиіс:				
45.	2	Оқытылатын пәннің өзектілігін қамтамасыз ету үшін нақты пән бойынша ғылымның соңғы жетістіктері тұрғысынан бағдарламалардың мазмұны		+		
46.	3	Қоғам ен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруі		+		
47.	4	Білім алушылардың үлгерімі, жүктемесі және оқу бітіруі		+		
48.	5	Білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі		+		
49.	6	Білім алушылардың ББ бойынша оқудан алатын нәтижесі, қажеттіліктері және қанағаттануы		+		
50.	7	Білім беру ортасы мен қолдау қызметтері және олардың ББ мақсаттарына сәйкестігі		+		
51.	8	4.2.3 БҰ, ББ басшылығы барлық мүдделі тұлғаларды ББ-ке қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар ету тетігін анықтауы тиіс		+		
52.	9	4.2.4 ББ басшылығы еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарау тетігін әзірлеуі тиіс		+		
53.	10	4.2.5 ББ-ке енгізілген барлық өзгерістер жариялану керек		+		
		Стандарт бойынша жиыны		10		

Стандарт 6.5 «Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»						
54.	1	5.2.1 ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды қамтамасыз етуі керек, оларға оқу траекториясының икемділігін қамтамасыз етуі керек		+		
55.	2	5.2.2 ББ басшылығы оқыту мен оқудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдануды қарастыруы керек.		+		
56.	3	5.2.3 ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
57.	4	5.2.4 ББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс тетіктерінің болуын көрсетуі керек		+		
58.	5	5.2.5 ББ басшылығы оқытушының басшылығы мен көмегімен қатар, білім алушылардың дербестігін қолдау тетіктерінің болуын көрсетуі керек		+		
59.	6	5.2.6 ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс		+		
60.	7	5.2.7 БҰ апелляцияны қоса алғанда, әрбір ББ үшін оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
61.	8	5.2.8 БҰ ББ білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің бағдарламаның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. ББ шеңберіндегі бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек		+		
62.	9	5.2.9 БҰ-да әрбір ББ түлегінің оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету тетіктері айқындалуы және олардың толық қалыптасуы қамтамасыз етілуі тиіс		+		
63.	10	5.2.10 Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны				10		
Стандарт 6.6 «Білім алушылар»						
64.	1	6.2.1 БҰ оқуға түсуден бастап бітіруге дейінгі ББ қатысты білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатының болуын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың тіршілік ету кезеңін		+		

		реттейтін рәсімдер (оқуға түскеннен бастап бітіргенге дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс				
		6.2.2 ББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру тәртібін мыналарды ескере отырып, анықтауы керек:				
65.	2	• талапкерлерге қойылатын ең төменгі талаптар;		+		
66.	3	• семинар, практикалық, зертханалық және студиялық сабақтарды өткізу кезіндегі топтың ең жоғары мөлшері;		+		
67.	4	• мемлекеттік гранттардың санын болжау;		+		
68.	5	• қолда бар материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстарды, кадрлық әлеуетті талдау;		+		
69.	6	• білім алушылар үшін ықтимал әлеуметтік жағдайларды, оның ішінде жатақханадан орын беруді талдау		+		
70.	7	6.2.3 ББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын өткізуге дайын екендігін көрсетуі керек		+		
71.	8	6.2.4 БҰ өз іс-әрекеттерінің Лиссабон тану туралы конвенциясына сәйкестігін көрсетуі тиіс		+		
72.	9	6.2.5 БҰ біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық бойынша ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтары» ұлттық орталықтарымен ENIC/NARIC ынтымақтасуы тиіс		+		
73.	10	6.2.6 БҰ ББ білім алушыларының сыртқы және ішкі ұтқырлығы үшін мүмкіндікті, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдем көрсетуге дайындығын қамтамасыз етуі тиіс		+		
74.	11	6.2.7 ББ басшылығы білім алушыларды практикадан өту орындарымен қамтамасыз етуге, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және олармен байланыс орнатуға дайын екендігін көрсетуі керек.	+			
75.	12	6.2.8 БҰ ББ түлектерін алған біліктілігін растайтын құжаттармен, оның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерімен, сондай-ақ		+		

		алынған білімнің мәнмәтінімен, мазмұнымен және мәртебесімен және оның аяқталғанын растайтын құжаттармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруы керек				
		Стандарт бойынша жиыны	1	11		
Стандарт 6.7 «Профессор-оқытушылар құрамы»						
76.	1	7.2.1 БҰ-ның объективті және ашық кадр саясаты, оның ішінде бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналды жалдауды, кәсіби өсуін және дамуын қамтитын ББ қатысты болуы тиіс		+		
77.	2	7.2.2 БҰ ПОҚ-тың кадрлық әлеуетінің ББ-ның даму стратегиясына және ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс		+		
78.	3	7.2.3 ББ басшылығы өз қызметкерлері үшін жауапкершілікті сезінуді және оларға қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуді көрсетуі керек		+		
79.	4	7.2.4 ББ басшылығы студенттерді орталықтандырылған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуі керек		+		
80.	5	7.2.5 БҰ ЖОО-ның даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарды іске асыруға ББ ПОҚ үлесін анықтауы тиіс		+		
81.	6	7.2.6 БҰ ББ ПОҚ-тың мансаптық өсу және кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсынуы тиіс		+		
82.	7	7.2.7 БҰ басшылығы тиісті салалардың практиктерін оқытуға шақыруға дайын екенін көрсетуі қажет		+		
83.	8	7.2.8 БҰ ББ оқытушыларының кәсіби және жеке дамуының мотивациясын көрсетуі керек, оның ішінде ғылыми қызмет пен білім беруді интеграциялағаны, оқытудың инновациялық әдістерін қолданғаны үшін ынталандыру		+		
84.	9	7.2.9 ББ шеңберінде академиялық ұтқырлықты дамытуға дайындығы, үздік отандық және шетелдік оқытушыларды тарту маңызды фактор болып табылады		+		
		Стандарт бойынша жиыны		9		
Стандарт 6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»						
85.	1	8.2.1 БҰ ББ мақсаттарына сәйкес келетін оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің саны жеткілікті екеніне кепілдік беруі тиіс		+		
86.	2	8.2.2 БҰ ББ қатысты білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін,		+		

		шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескере отырып, материалдық-техникалық ресурстардың және инфрақұрылымның жеткіліктілігін көрсетуі тиіс				
87.	3	8.2.3 ОП басшылығы ақпарат беру және кеңес беруді қоса алғанда, әртүрлі студенттер тобын қолдау рәсімдерінің бар екенін көрсетуі керек		+		
		8.2.4 ББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс. ББ басшылығы ақпараттық ресурстардың ББ ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс. Олар мыналарды қамтиды:				
88.	4	• білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, дерекқор, деректерді талдау бағдарламалары);		+		
89.	5	• жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша қағаз және электрондық жеткізгіштердегі кітапхана ресурстары, оның ішінде оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;	+			
90.	6	• ҒЗЖ, оқу бітіру жұмыстары, диссертациялар нәтижелерін плагиатқа сараптау;		+		
91.	7	• білім беру Интернет-ресурстарына қол жеткізу;		+		
92.	8	• білім беру ұйымының аумағында WI-FI жұмыс істеуі.		+		
93.	9	8.2.5 БҰ білім беру бағдарламаларын игеру кезінде пайдалану үшін болжанатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті салаларда пайдаланылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс		+		
		Стандарт бойынша жиыны	1	8		
Стандарт 6.9 «Қоғамды ақпараттандыру»						
		9.2.1 БҰ білім беру бағдарламасы және оның ерекшелігі туралы шынайы, объективті, өзекті ақпаратты жариялауы тиіс, олар мыналарды қамтиды:				
94.	1	• іске асырылатын білім беру бағдарламасын оқытудан күтілетін нәтижелер;		+		
95.	2	• білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік және (немесе) біліктілік;		+		
96.	3	• оқыту, оқыту тәсілдері, сондай-ақ бағалау жүйесі (рәсімдер, әдістер мен нысандар);		+		

97.	4	• білім алушыларға берілетін өту балдары мен оқу мүмкіндіктері туралы мәліметтер;		+		
98.	5	• түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер		+		
99.	6	9.2.2 ББ басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты, оның ішінде БАҚ-ты, ақпараттық желілерді таратудың әртүрлі тәсілдерін көздеуі тиіс		+		
100.	7	9.2.3 Жұртшылықты хабардар ету елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс		+		
101.	8	9.2.4 БҰ веб-ресурста тұтастай және білім беру бағдарламалары 4бөлінісінде сипаттайтын ақпаратты көрсетуі тиіс		+		
102.	9	9.2.5 ББ ПОҚ туралы барабар және объективті ақпараттың болуы маңызды фактор болып табылады		+		
103.	10	9.2.6 ББ шеңберіндегі серіктестермен ынтымақтастық және өзара іс- қимыл туралы жұртшылықты хабардар ету маңызды фактор болып табылады		+		
		Стандарт бойынша жиыны	0	10		
		Барлығы:	3	98	2	

Приложение 2. ПРОГРАММА ВИЗИТА В ОРГАНИЗАЦИЮ ОБРАЗОВАНИЯ ПРОГРАММА



ПРОГРАММА
ВИЗИТА ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ КОМИССИИ
НЕЗАВИСИМОГО АГЕНТСТВА АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА (IAAR)
В ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

Дата проведения визита: 1-3 апреля 2026 г.

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ АККРЕДИТАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ:

1 кластер

- 1) 6B11405 Социальная работа
- 2) 7M11405 Социальная работа
- 3) 6B03103 Психология
- 4) 6B06112 Технологии искусственного интеллекта
- 5) 7M06112 Технологии искусственного интеллекта

2 кластер

- 6) 6B02201 Философия
- 7) 8D02201 Философия
- 8) 6B03214 Связь с общественностью

3 кластер

- 9) 6B07532 Стандартизация и сертификация (по отраслям)
 - 10) 7M07532 Стандартизация и сертификация (по отраслям)
 - 11) 7M01512 Химия
 - 12) 7M01513 Биология
 - 13) 8D05305 Ядерная физика
- 4 кластер (первичная аккредитация)
- 14) 8D03107 Дипломатия и менеджмент в этнополитике
 - 15) 7M02207 Психология религии
 - 16) 6B02124 Медиаискусство
 - 17) 6B03206 Спортивная журналистика
 - 18) 7M06120-Бизнес-аналитика в IT

Дата и время	Работа ВЭК с целевыми группами	Должность и Ф.И.О. участников целевых групп	Место проведения (аудитории)
31 марта 2026 г.			
15.00-16.00	Предварительная встреча ВЭК	Внешние эксперты IAAR	
По графику в течение дня	Заезд членов Внешней экспертной комиссии	Внешние эксперты IAAR; Базарбек Б.К., руководитель службы автохозяйства; сотрудники отдела аккредитации и рейтинга	
День 1-й: 01 апреля 2026 г.			
08.30-09.00	Трансфер из гостиницы в университет	Внешние эксперты IAAR, Базарбек Б.К., руководитель службы автохозяйства; Сотрудники отдела аккредитации и рейтинга	Гостиница-университет (г. Астана, ул. Сатпаева, 2, УАК №1, Главный корпус)
09.00-09.30	Распределение ответственности экспертов, решение организационных вопросов	Внешние эксперты IAAR, координатор IAAR	206 каб.
09.30-10.20	Интервью с ректором и проректорами	Сыдыков Ерлан Батташевич, Председатель Правления-ректор Бейсенбай Ардак Бакытович, член Правления - проректор по академическим вопросам; Айтмагамбетов Думан Рамазанович, член Правления - проректор по стратегическому развитию и интернационализации; Талтенов Абзал Ахатович, член Правления - и.о. проректора по науке и коммерциализации;	206 каб.

		<p>Төлегенқызы Ләззат, член Правления - проректор по социально-культурному развитию;</p> <p>Айдаргалиева Назгуль Газизоллаевна, член Правления - проректор по финансам и инвестициям;</p> <p>Бекманова Гульмира Тылеубердиевна, член Правления - проректор по цифровизации – Цифровой офицер</p> <p>Рыстина Индира Садыбековна, член Правления - проректор по обеспечению качества и внутреннему контролю</p>	
10.20-10.35	Технический перерыв	Внешние эксперты IAAR, координатор IAAR	206 каб.
